

**Табиғат тосын
мінез танытты.**

**Қараша айында
қар жауып,
жерге мұз қатты.**

Индекс 75579



**Жас өркен
Қостанай**

e-mail:mediacentr_kgu@mail.ru

**ТӘУЕЛСІЗДІК
КҮНІМЕН!**

**6
2015**

Суретті тәсірлен Аібек ЖҮЗБАЙ

Байеке Наурызбайұлы

Наурызбай бидің баласы Байеке болыс болып, ел билеген, қазақ арасында орыс мектептерін салдыруға көп үлес қосқан кісі. Кейін қажылық парызын өтеген, Меккеге екі рет барған.

Бейімбет Майлин «Жалбыр» повесінде («Ел суреттері», Алматы: «Жазушы», 1994 ж): «Қазыбай, Қарақыз деген көрші отырған ел зой. Қазыбайда атышұлы Наурызбай бидің тұқымы бар. Наурызбайдың Байекесі орысша білім алып, орыс төрелерімен жақын болып, ертеректе бірнеше сайлауда болыс болып келген адам еді. Осы Байқанның Дүйсембайымен ақтұқ рет таласқа түскен жолы, Дүйсембайдай итатқа ақша шаша алмады да, Байеке болыстықтан айырылды. Соның күйігіне шыдай алмағандай сол жылы қажыға кетіп, сүйегі Меккеде қалды...» — деп жазады.



Қоқоз Досжан ақын Наурызбай биді жоқтағанда: «Қара қазақ ішінде ханға теңес Науаным, сыпыра қайың ішінде еменге ұқсас Науаным, көп түйенің ішінде нар секілді Науаным, бақиза, сабаз, айтандық, жауыннан халқын қорғайтын, өзіңдей безге тұлғаны бұйыртар ма екен заманым?! Сегіз ұлы ішінен Байеке тартса әкеге, көрсетер көкке таланың» — деп жырлаған Байеке Романовтардың 300 жылдық тойына қатысып, мейрам кезінде қазақ байларының сөздерін патшаға аударып беретін тілмаш болады, сол еңбегі үшін алтын медальмен марапатталады.

Байеке М.Алтынсариннің ағартушылық жұмысына қатты қолдау жасаған адамдардың бірі. Меккеге қажылыққа барып, қайтып келе жатқан сапарында кеме үстінде жан тапсырады. Орыс тілдік жетік білген және аса сыйлы болған Байеке жан-тәсілім етер алдында кеме капитанына өтініш айтып, қаза болған жағдайда тізнін суға тастап, балыққа жем қылмай, жазаға шығып, жер қойнына тапсыруды сұрайды. Капитан оның айтқанын орындайды. Байекенің сүйегі сол жақта Одессия деген мекенде қалған деседі.

Қостанайдағы Ақ мейітте

Алдыңғы қатарда: жазушылар Әбіш Кекілбаев, Бексұлтан Нұржекеев және Төлен Әбдік.



Шаңырақ

Сөзім мен сенім

Отбасы дегеніміз не? Бұл сұраққа өртүрлі жауап беруге болады. Ең бастысы, отбасы — адам өміріндегі ең алғашқы әлеуметтік топ. Мәдени байлықтар мен қоғамдық байланыстар отбасында пайда болады. Осы ортада адам баласы тәй-тәй басып, тәрбие алып, жетіледі.

Ерте заманнан бері отбасыға баса мән берілген. Мысалы, ежелгі грек ойшылы Платон былай деген: «Егер ерлер 35 жасқа дейін үйленбесе, онда мемлекеттің қазынасына үлкен айыппұл төлеуі тиіс. Бұл не үшін жасалған? Бұл — мықты отбасы мен сау ұрпақтың қамы үшін жасалған қадам». Әрине, отбасын құру өз уақытымен жүзеге асуы тиіс. Сонда ғана дүниеге дені сау ұрпақ келеді. Алайда, қазіргі жағдай мүлдем басқа. Жастар

мансап қуып, тұрмысын түзеп алуды көбірек ойлайды. Шаңырақ көтеру екінші орынға қалып қояды. Нәтижесінде көптеген отбасылар бір-екі баламен шектеледі. Бұл дегеніміз елдің дамуына, демократиясына кері әсерін тигізеді анық. Батыстан өнген азаматтық неке кейінгі кезде біздің қоғамға да сіңіп, кең тарала бастады. Азаматтық некеде жауапкершілік жоқ, жәй ғана қарым-қатынас. Шынайы отбасы дегеніміз — сезім мен сенім, мейірім мен сыйластық. Осы аталған қасиеттер болса жас отаудың босағасы берік, шаңырағы шаттыққа толы болады.

Әдемі СЫЗДЫҚ,
ГӘФ журналистика
мамандығының 3 курс студенті.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

11000, Қостанай қаласы,
А.Байтұрсынов көшесі,
47-үй, 220 бөлме.
Медиа – студия.
“Жас өркен - Қостанай”
журналының редакциясы.
Байланыс телефондары:
қалааралық
8-7142-51-11-67,
Факс 51-11-95
Ұялы 8(701) 1509443

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, кері қайтармайды. Журналдың қажетті сандарын редакциядан сатып алуға болады. Бағасы келісімді. «Жас өркен-Қостанай» журналына демеушілік көрсетем деушілерге мына есеп-шотымызды ұсынамыз: РМҚК «А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті» ИИК KZ83856000000079688 РНН 391700052352, БИН 990240005319 БИК КСЖВКЗКХ РНН банка 391700078345 БИН банка: 980841000472 Кбе 16

Журнал редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп «Қостанайполиграфия» ЖШС баспаханасында басылды. 110007, Қостанай қаласы, С.Мәуленов көшесі, 16. Басуға 30.10.15 ж. қол қойылды. Көлемі 32 бет, Офсеттік басылым. Тапсырыс № 5752 Таралымы 1000 дана.

Баспахана түпнұсқасы нашар суреттердің сапасына жауап бермейді.

соңына ілесіп көшкен құйындай аласұрып халықтың көшуі жан жағынан жалмап жұтардай күн көрсетпеген Жоңғар елінің ықпалы еді. Қазақтың шұрайлы жеріне жалмауыз кемпірдей жанталасып көз тіккен Жоңғар елінің алапат күшін жеңу қазақ еліне онайға соқпады. Жауырыны қақпақтай, сом білікті батырлар, сөзуар би-шешендер мен ақылгөйлер жауға кіріптар болмау жолын ойлай бастады. Ел басына қаралы күн туып, қанды ауыз қылыш қаһарын төккен шағында тығырықтан шығар жол табу қажет болды. Жастайынан жалын шашқан, жігері жайсан жауынгер жігіттер атқа қонып, ел қорғап, алмас қылыштарын жарқыратып жауға аттанып жатты. Жоңғар қыспағынан құтыламыз деп қаншама көзден жас, жүректен қан, көңілден қайғы шері болып төгілді. Осындай бір қайғылы заманда сахардай сар даланың төсінде сергелдеңге түсіп, бас ауған жаққа бытыраған жұртты жұрт болып жұмылдыруға талпынғандар қатары да жоқ емес. Солардың бірі қазақ даласында алғашқы рет жеке хандық құруға күш жұмылдырған Жәнібек пен Керей еді.

«Көшпенділер» трилогиясының бірінші кітабы «Алмас қылыш». Бұл шығармада халық тарихы, елдің ахуалы мен жауға қарсы күресу жолындағы оқиғалар көрініс тапқан. Шығарма оқиғасы Шыңғыс ханның билік құрған кезеңдерімен Әбілқайыр, Мұхаммед Шайбани, Жәнібек пен Керей, Қасым, Хақназар хандардың ел билеу әдістері, елді қорғау, жаудан сақтау әрекеттері баяндалған. «Алмас қылыш» кітабының бірінші бөлімі Шыңғыс ханның ұрпағы Дешті Қыпшақтың билеушісі Әбілқайырдың өткен өмір туралы, Шыңғысхан билік құрған заманға ой арқылы көз жүгірткенін бастау алады. Әбілқайыр билік құрған кезең- ел басына қатер төнген шақтың алғашқы кезеңі еді. Сол кезеңде Әбілқайырдан басқа да би-төрелер халықты басқарып, билікке қол жеткізгісі келгендер болды. Олардың қатарының көпшілігі Әбілқайырдың балаларымен ағайын-туыстары. Әбілқайыр балалары да ел билеу ісінен кемде қалғысы келмеді. Оның Рабиға- Сұлтан-Бегімнен он ұлы болған. Шығармада көрсетілген Әбілқайырдың бөйбішесі атақты Ақсақ – Темірдің немересі, Ұлықбектің қызы Рабиға – Сұлтан-Бегім. Әбілқайырдың зор үміт артқан, болашақ ел тұтқасын ұстар, орынның басар сүйікті мұрагерлері


ұлы Сүйінішпен немересі Мұхаммед-Шайбани еді. Немересі Мұхаммед-Шайбани тарихтан белгілі Әбілқайырдан кейін ел билеу ісіне араласып, көптеген Сыр Ташкент бойындағы қалаларды бағындырды. Бірақ ел билігін сақтай алмады, халқына пана, еліне сыйлы бола алмады. Мұның бірден-бір себебі бар мақсаты- жан-жағын жалмау, көрші елдерді жаулау болды. Атасы Әбілқайырдың да бар арман-тілегі осы еді. Әбілқайырдың да Мұхаммед Шайбанидің де бұл қателігі-халықты зарлы үнге толы қасіретті тарихтың тағдырына алып келді. «Алмас қылыш» романындағы Әбілқайырдың бар мақсаты елдерді бағындыру, ал Жәнібек пен Керейдің мақсаты халықты біріктіру, ел тыныштығын сақтап қалу болды.

Жәнібек пен Керей бастаған қазақ рулары бір тудың астына жиналып жауға қарсы қорғану мақсатын ұстанды. Бөрік астынан бөрі шыққан дүрбелең заманда елді елдікке, бірлікке бастау онайға соқпады. Жәнібек пен Керейдің даналығы мен батылдығының арқасында ұлт болып ұйып, жұрт болып жұмылу мақсатымен көптеген қазақ рулары бір тудың астына жинала бастады. Еділ мен Жайық бойынан Жәнібек пен Керей Әбілқайырдан бөлініп жеке хандық құрған болатын. Халық азаттықтың алтын күніне біраз уақыт бөленгенімен, аяушылықты білмейтін заманның айуандық дәстүрі, халықтың басынан өткерген ауыр жағдайлары тарихтың басқа кезеңдеріне жалғасын тауып жатты. «Алмас қылыш» кітабының ең басты мазмұны осы ел тағдыры, халықтың басын бір тудың астына біріктіруді мақсат еткен қазақ хандары Жәнібек пен Керей және оның ұрпақтары туралы. Қазақ халқының үлкен бір тарихи оқиғаларын үш кітаптан тұратын «Көшпенділер» трилогиясына сиғыза баяндаған Ілияс Есенберлин әдебиет әлемінің шоқтығы биік тұлғасы екені даусыз. Ерең елдің, өр ұрпағы елінің есіл Ері Есенберлинді шығармашылықтың шырқау шыңына көтеріп, мақтан тұтып, әрдайым әдебиет шыңына көтеріп, шығармашылығымен жете танысып, қадір тұтып, көкке көтерсе нұр үстіне нұр болар еді.

Мәлдір Есенаұл,
ГӘФ қазақ филологиясы мамандығының 3
курс студенті

Жас өркен Қостанай

№ 5(78) қыркүйек-қазан 2015 жыл



МЕНШІК ИЕСІ:
Ахмет Байтұрсынов
атындағы
Қостанай мемлекеттік
университеті

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Кенжеғали САҒАДИЕВ (төраға)
Төлен ӘБДІКОВ

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Хұсайын УӘЛИЕВ

Ақылбек ШАЯХМЕТ
Медиа-студия менгерушісі

Қымбат ДОСЖАНОВА
шығарушы редактор

Жадра ЖУЛМУХАМЕТОВА
менеджер-дизайнер

Гүлнұр КӘКІМБЕК
бас маман

Журнал ҚР Мәдениет,
ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде
2002 жылы
18 қарашада тіркеліп,
3386-Ж куәлігі берілген.
Екі айда бір шығады.
Редакцияға келіп түскен
хаттар әдеби өңделді,
қыскартылады,
ойы сақталып түзетіледі.
Көлемі үш компьютерлік
беттен асқан материалдар
қабылданбайды.

Университетке жаңа ректор келді

2015 жылғы 24 қараша күні А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетіне ҚР Білім және ғылым вице-министрі Тахир Балықбаев іс-сапармен келді. Бұл іс-сапарында Тахир Оспанұлы Университеттің жаңа ректоры Хұсайын Хасенұлы Уәлиевті жаңа қызметімен құттықтап, университеттің жеке құрамымен кездесу ұйымдастырды.

Мәжіліс залында жеке құраммен жиын өткізген вице-министр, Хұсайын Хасенұлының қызметтік өмірбаянымен таныстырды.

Уәлиев Хұсайын Хасенұлы (26.3.1948 ж.т., Қостанай облысы, Әулиекөл ауданы, Семиозерное кенті) – техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Жоғары мектеп ғылым академиясының корреспондент мүшесі, Халықаралық ақпараттандыру академиясының мүшесі. ҚР Парламентінің экс-сенаторы. «Құрмет» орденімен және медальдармен марапатталған. 2001 жылдан 2008 жылға дейін Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің ректоры болды. Бүгінгі күнге дейін Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетінің проректоры қызметін атқарды.

Вице – министр Т. Балықбаев, өз сөзінде университет туралы да жақсы лебізін білдірді.

«Университеттің қазіргі таңдағы жетістіктерін айта отырып, бұрынғы ректор А. Нәметовтің еңбегінің зор екенін және осындай биік шыңдарға Сіздер арқылы жеткенін тілге тиек еткім келеді. Алдағы уақытта бұдан биік жетістіктерге жете берулеріңізге тілектеспін. Қазіргі таңда Сіздердің университеттеріңіздің ИИДМБ-2 (индустриялды инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы) бағдарламасы арқылы атқарып жатқан қызметтеріңіз орасан зор. Тіпті «Серпін» бағдарламасын да ойдағыдай жүзеге асырып жатырсыздар. Сондықтан, алдағы уақытта Сіздерге шығармашылық табыстар тілеймін», - деді вице-министр.

Кездесуден кейін Т. Оспанұлы университетте ИИДМБ-2 бағдарламасы аясында ашылған «Азық-түлік өнімдері ғылыми өндірістік орталығы» зертханасының жаңадан сатып алынған заманауи техникаларымен және қызметімен танысты. Ғылыми зерттеу орталығынан кейін, студенттер үйіне барып, студенттермен сұхбаттасып, тұрмыс-тіршілігімен танысты.



Мәңгілік ел – болашағы біртұтас мемлекет



бар. Қатысушылардың әрқайсысы өз еңбегімен еленіп, өз ортасына үлгі болып жүрген азаматтар. Форумның салтанатты түрде ашылуынан соң Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі басшысының орынбасары Бағлан Майлыбаев Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың форум қатысушыларына арналған үндеуін оқыды. Ұлт Көшбасшысының құттықтау хатында: «Бүгінгі форум ерекше, ол еліміздің Конституциясының 20 жылдығы мен Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы аясында өтуде. Бұл халқымыздың бірлігі мен келісімінің бірегей дәстүрін, туған жеріміз «Ұлы дала елін» қастерлеп қадірлеуіміздің жемісі. Форум қазақстандықтарды «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясына ұйыстыруға және қоғамның тұрақтылығы мен бірлігін нығайтуға қызмет етеріне сенемін», - делінген.

Қай уақытта, қай заманда болмасын қоғамның қозғаушы күші, аға буынның сенім артары-жастар. Себебі жас өрендер алдыңғы толқын бастаған істі әрі қарай жалғап, іліп өкетуші. Өз заманының заңғары Мағжан Жұмабаев «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты мен жастарға сенемін» деп бекерден бекер айтпаса керек. Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның жастарына жүктелер міндет қомақты. Соның бірі-ортақ Отанымыздың «Мәңгілік ел» ата-нуына үлес қосу. Ол үшін әрбір жастың бойында отаншылдық, тұлғалық даму, білімге ұмтылу, еңбек ету, кәсіби даму, отбасы құндылықтарын қастерлеу сияқты қасиеттер болуы тиіс. Жаңа Қазақстанның алғашқы буыны бетке алар бағыты осы. Бұл туралы Елорда төрінде өткен республикалық патриоттар форумында айтылды. Аталмыш іс-шараға Қостанай облысының атынан бір топ делегат барып, қатысып келдік.

Патриоттар форумы 2007 жылдан бері ұйымдастырылып келеді. Жылдың айтулы даталарына орай еліміздің әр аймағында өтіп отырады. Биылғы форум Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясына арналды.

Республикамыздың түпкір-түпкірінен келген 2000-нан астам делегат «Қазақстан» орталық концерт залына жиналды. Олардың арасында өз ісінің үздік мамандары, дәрігерлер, әскерилер, өнеркәсіп жұмысшылары, ғалымдар, жас көшбасшылар, ауыл шаруашылығы қызметкерлері, қоғам қайраткерлері, спортшылар, өнер адамдары, мәдениет майтамдары, этномәдени бірлестіктердің өкілдері

Бұдан кейін сөз алған Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Ералы Тоқжанов «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясының маңыздылығына толығырақ тоқталды.

- Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2014 жылғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясын ұсынған болатын. Екі жылдың ішінде Елбасымыздың бастамасы еліміздің барлық өңірінде қызу талқыланды. Қазақстан халқының жан-жақты қолдауына ие болды. Оған өздеріңіз тікелей куә болып жүрсіздер. Біз сіздердің ұсыныстарыңызды, сіздердің жүрекжарды тілектеріңіз бен ниеттеріңізді баянды тарихы бар «Мәңгілік Ел» идеясының негізіне айналдыруға тырыстық,- деді Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Ералы Тоқжанов.

Отанын шексіз сүйетін патриоттардың айтулы жиынында қоғам және мемлекет қай-раткері, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Қуаныш Сұлтанов «Мәңгілік Ел» идеясына қатысты ой-пікірін білдіріп, ұсынысын да айтты. Халық қалаулысы өз сөзінде «Мәңгілік Ел» бағдарламасын немесе «Мәңгілік Ел» телеарнасын құруды ұсынған болатын.


- Осы күндері қазақстандықтар Елбасы, Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың әлемнің ең жоғарғы, ең мәртебелі төрі мен мінбері – БҰҰ-ның 70-сессиясында қазақ тілінде сөйлеген сөзінен асқақтаған ұлт абыройын сезінуде. Қазақ тілі тұңғыш рет дүниежүзілік дәрежеге көтерілді. Бұл - мемлекеттің, тәуелсіздіктің жемісі, Елбасының ерлік жеңісі! Мың

Ел тағдырын арқау қылған

Жазушылық дарынымен шоқтығы биік туындылар қалдырған танымал жазушылардың бірегейі Ілияс Есенберлин еді. Биыл танымал жазушы Ілияс Есенберлиннің туғанына 100 толып отыр. Қазақ хандығының 550 жылдығымен қатар келген мерейтой біз үшін айтулы күндердің бірі. Есенберлин шығармашылық әлемі де қазақ хандығының тарихымен тығыз байланысты.

Қазақ халқының құрылу тарихы жөнінде алғаш тарихи трилогия жанрында қалам тербеген жазушылардың бірі Есенберлин десек, артық айтқандық емес. Қаламгер аты аталған сәттен-ақ, ойымызға еріксіз оның жазушылық қарымын шыңдаған биік белес пен заңғар шыңға жетелеген шығармасы, яғни «Көшпенділер» трилогиясы еске түседі. Оның шығармалары күрделілігімен, көлемділігімен, мазмұндық сипаты жағынан ерекшеленеді. Жазушы туындылары тылсым бір әлемнің жұмбаққа толы шиеленістерін шешу, мазмұнның ашу, мәнің түсіндіру үшін қолданылатын ұғым, ең басты тетік тәрізді. Оның ең басты тетігі – сол тылсым әлемнің сырын ұғына білу, таңғайып туындының тұңғығына үніле отырып, шығарма жазу барысындағы жан дүниесін түсіну арқылы шығарма әсерлілігін сезіну. Тылсым сырдың сырын ақтару дегеніміз сол шығармада баяндалатын қазақ халқының азаттық жолындағы шиеленіске толы хал-ахуалының шешімін іздеу жолындағы жағдайларды шығарма кейіпкерлері арқылы жеткізу, ашық баяндау. Бұл жағын әр оқырман өз түйсігіне салып ойланар, ал мәнің түсінігіндегі жазушы туындысы дәл осы пікірге негізделген. Оқырман өз ойы арқылы шығармадан алған әсерін әр түрлі жолмен ауызша немесе жазбаша жеткізуі әбден мүмкін. Бұл шығарма турасында ойыммен бөліспес бұрын, шығарма авторы Есенберлин жөнінде, яғни өмір дерегінен ақпар бергім келеді. «Өмір-өзен» демекші, жазушы болсын мейлі әртіс, ақын-жырау болсын, өмірбаянсыз оны танып білу қиынның қиыны. Өткені мен бүгінгі, бүгінгі мен болашағы бар адам ғана өмір-өзен өткелінен қиналмай өте алады. Қиналмайды дегенім артық айтқандық шығар, сірә, қиындық арқылы өзін сол өмір өткелінде қажырлы да қайратты жан ретінде қалыптасуға үйренеді.

Есенберлин шығармалары 1940 жылдан бастап жарық көрген болатын. Ол әдебиет жанрының поэзия, проза, драматургия, кинодраматургия салаларында қалам тербеді. Шығармалары: «Айқас», «Қатерлі өткел», «Ғашықтар», «Қыран қазасы қияда», «Маңғыстау майданы» және соңғы жазған романы «Мұхиттан өткен қайық». «Құйма» киносценарийі бойынша фильм түсірілген оны М. Ерзинкянмен бірігіп жазған. Қырыққа жуық өн мәтіндерінің авторы. Шығармалары орыс, қытай, өзбек тілдеріне аударылған. К.Д. Ушинский мен М. Жульевскийдің еңбектерін тәржімалап, орыс тілінен



қазақ тіліне аударма жасаған. Ілияс Есенберлин шығармалары оқырманды елең еткізбей қоймайды, әр туындысында әдемі әсермен салмақты ой қалдырады. Оның шығарма жазудағы тілі күрделі әрі көркем, әр жазған сөз иірімдеріне әдебиет өнерінің тұрақты сөз тіркестерін, табиғи жаратылыспен байланысты теңеулерін мол әрі ұтымды қолдана білген. «Мақал сөздің-мәйегі» демекші жазушы шығармасындағы ашық ойларын мақал сөз арқылы мәнерлі жеткізгендігі, шығарманы оқу барысында оның әр тарауынан байқауға болады. «Көшпенділер» трилогиясы туралы ой қозғар болсақ, бұл шығарма баршаныңға белгілі үш кітаптан тұрады: «Алмас қылыш», «Жанта-лас», «Қаһар». Шығарма тамыры терең қазақ халқының тарихына негізделіп жазылған. Шығарма желісі тарихи шындықпен астасып жатыр. Басқа шығармалардан өзгере бұл туынды жазушының әдебиет әлеміндегі жемісі. Көшпенділер деп аты айтып тұрғандай, шығарманың бірінші бөлімі бұқара халықтың көш соңынан еруінен бастау алған. Көш

қатысқандары анықталды. Ішкі істер министрлігінің анықтамасында алаңда ұсталғандардың арасында 26 орыс, 18 ұйғыр, 10 татар, 7 қырғыз, 4 өзбек, 4 көріс және бірнеше (қарақалпақ, грузин, шешен, грек, украин, башқұрт) ұлтының өкілдері болғандығы анықталды. Бірақ, Орталық Комитеттің қатаң нұсқауымен олардың басым көпшілігі сол күні-ақ қамаудан шұғыл босатылып жіберілді. Осыдан кейін-ақ көтерілісшілер кілең қазақтар болып шыға келді. Сондықтан бұл оқиғада саяси себептер басым болған деп тұжырымдауға болады.

Шеру жайлы сыбыстың қалаға бірден таралуы және оның құқық қорғау органдармен күштеп басылуы, шерудің 200 шақты адамы бар топтан, 20 мыңға жуық адамы бар басқарылмайтын тобырға, артынша қанды көтеріліске айналуына себеп болды.

Оқиғаның ушығуына, оның тым ауыр сипат алуына деген басты кінәны саяси айтыстан қашқақтаған, нақты жағдайда біліксіздік танытқан партия мен үкімет органдарының шенеуніктеріне арту керек. Соның салдарынан құқық қорғау органдары мен милицияға қара күш қолдануға рұқсат берілді. Ақыры оқиға кезінде әр ұлттың өкілдерінен тұратын 2401 адам ұсталды.

Алматы сәулет-құрылыс институтының бұрынғы студенті Қайрат Рысқұлбеков түрмеде қаза тапты. Студент қыз Ләззат Асанова жұмбақ жағдайда көз жұмды. Қақтығысудың барысында Е.Сыпатаев және С.Савицкий деген азаматтар қаза тапты. Мұндай қайғылы мысалдар аз емес ресми деректе. Ал бейресми дерек ше?

Осы азаттық үшін үнемі күрескен халықтың еншісіне



тиген қайғы-қасіретті көре жүріп, көтере білген халық нағыз қайсар халық емес пе?! Бордай тозып, жоқ болып кетпей «тағдырдың тезінен, тозақтың өзінен аман-сау қалған халық» нағыз ұлы халық екенін таныта білді. Көрген ауыр хикметінен кейін де «бас шұлғып, үнсіз көнетін» әдетті бойларына жұқтырған жоқ. Қанына намыс дарыған, рухына кие енген халық үнемі тәуелсіздікке ұмтылды. Көксеген тәуелсіздігін алды. Терезесі тең, байрағы желбіреген ұлттар санатына ілігу үшін талай ауыртпалық бастан өтті. Енді мұхиттың арғы жағындағы Біріккен Ұлттар Ұйымында көк байрағы, алтын зерімен күнге шағылыса желбірейді. Саяси қуғын-сүргін көргендерді ақтады, басына ескерткіш орнатты. Жетпіс жыл саны улаған қызыл заманның солақай саясатының құлпаршасын шығарды. Қазақ хандарының, билерінің, батырларының рухы халқына кие болып оралды.

Ұлттық діл мен дін жүрегімізге еніп, алпыс екі тамырымызға қуат таратты.

Иә, өткенге салауат...

Тарихтағы бұл оқиға көңіліміздегі нұрды, санамыздағы сырды, жүрегіміздегі жырды тасытсын. Аттары алтын әріппен жазылған асыл арыстарымыз бен есіл ерлеріміздің есімі ұрпақ жадында жатталуы тиіс. Енді еліміздің жылағанын, қайта құлап, бостандық сұрағанын естімейік! Егемендік алып, етек жиып, еңсе көтеріп, ел болдық. Өркениеттің өріне өрмелемесекте, батыстың батпағына батпайық! Дүниенің тозағынан өткен тәуелсіздігіміздің тарих төріндегі тұғыры теңселмесін!

**Ақбәпе Қасымова,
ГӘФ филология мамандығының
3 курс студенті**



жылдық тарихымызда біз, біздің бабаларымыз талай қиындық көріп, жанкештілікпен тәуелсіздікті аңсады, күресті, соның жолында құрбан болды. Еркін ел болу бақытың, сол еркіндікті, тәуелсіздікті ұлттың, халықтың ынтымағын жасампаздық игілігіне жарату – біздің патриоттық борышымыз, – деді ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Қуаныш Сұлтанов.

Иә, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев БҰҰ-ның жиынында мемлекеттік тілде баяндама жасады. Бұл оқиға көпшіліктің мақтаныш сезімін оятқаны шындық. Жуырда ғана Қазақстанның көк байрағын ғарыш көгінде желбіреткен қазақ ғарышкері Айдын Айымбетов те халқының қолдауына ие болып отыр. Тоқтар Әубәкіров пен Талғат Мұсабаевтан кейін ғарышқа ұшқан үшінші қазақ жігітін барша жастар мақтан тұтады. Бұл да болса жас ұрпақтың бойында патриоттық сана-сезімді қалыптастыраты сөзсіз. Қазақ ғарышкері форум мінберіне шығып, көпшіліктің алдында сөз сөйледі.

– Біздің жерімізде төрткүл дүниеге танымал «Байқоңыр» ғарыш айлағы бар. Қазақстанды әлемнің дамыған елдері біледі. Мемлекетіміздің тәуелсіздігін одан әрі нығайту үшін азаматтардың әрқайсысы өз ісінің үздігі болуы керек. Отанымыздың патриоты және Мәңгілік ел дегеніміз – осы, – деді ғарышкер Айдын Айымбетов.

Сонымен қатар, «Милосердие» қайырымдылық қорының директоры Аружан Саин Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жедел түрде операция жасауға мұқтаж 29 баланың өмірін сақтап қалуға басты себепкер болғанын айтып берді.

– Біздің қайырымдылық қорда «Қазақстан жетім балаларсыз» жобасы жүзеге асады. Осы жобаның арқасында 500-ден астам бала өз отбасыларын тапты. Жұмыс барысында қайырымды адамдардың барына көз жеткіземін. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың 17 наурызда «Жібек жолы» сыйлығымен марапатталғаны белгілі. Сыйлықпен бірге берілген қомақты қаражатты Президентіміз біздің қорға аударды. Нәтижесінде 29 балаға қажетті операциялар жасалып, бүлдіршіндер жарық дүниенің қызығын көруге мүмкіндік алды, – деді «Милосердие» ҚҚ-ның директоры Аружан Саин.

Форум барысында «Елбасы жолы» киноэпопеясында, «Балалық шағымның аспаны», «Отты

өзен», «Теміртау» және «Тығырықтан жол тапқан» фильмдерінде Елбасының ролін сомдаған актер Нұрлан Әлімжан жастарды Отанымызды сүйеге, ел үшін еңбек етуге үндеді.

Патриоттар форумында адамгершілік қасиетінің биік шыңынан көрініп жүрген бірегей азаматтар туралы айтылды. Солардың бірі – 25 жастағы Асхат Мырзабаев. Ол жас та болса бас болып жүрген елінің патриоты. Жас бағдарламашы жеке табысынан қатерлі ісік ауруларымен күтпесу мақсатындағы зерттеулерге 2 млн. АҚШ долларын бөлген. Асхат Мырзабаев университеттің 3 курсына оқып жүргенде-ақ АҚШ-тың Сан-Франциско қаласына Твиттер компаниясына тәжірибелік жұмысқа орналасуға мүмкіндік алды. Шетелдік мамандардан үйреніп, жаңа жоба жасап шықты. Асхаттың жобасын кейін Microsoft компаниясы сатып алды.

– АҚШ-та қызмет еткен кезімде біліктілігімді арттырып, жұмыс тәжірибемді кеңейтумен қатар өмірдің мәнін түсінгендей болдым. Артында өшпес із қалдырып, ұлы нәрсені өмірге әкелу үшін тереңнен ойлау керек. Өзіңе маңызды сұрақтар қоюың керек екен. Өмірдің мәні не? Қандай із қалдыра аламын? Адамзатқа не беремін? Осындай сауалдардың жауабын таптым. Мен ғылымның дамуын қолдағым келеді. Сол үшін қатерлі ісік ауруларын зерттеуге 2 млн. доллар бөлуге шешім қабылдадым», – деді бағдарламашы Асхат Мырзабаев.

Мәңгілік ел – әрбір қазақстандықтың жүрегінен орын алған Елбасының ұлы идеясы. Мәңгілік ел - тәуелсіздіктің мәңгілік сақталуы. Мәңгілік ел - елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. Біздің елімізде әркімнің білім алуына, жұмыс істеу, отбасын құруына, ұрпақ тәрбиелеуге жол ашық. Мәңгілік ел – жалпыұлттық идеясының мақсаты да осы. Әрбір қазақстандық азаматтың өмір салтын жақсартып, тәуелсіздігіміздің тұғырын нығайта түсу. Республикалық патриоттар форумынан осы ойды түйгендей болдық.

**Қымбат ДОСЖАНОВА
Суреттерде:**

патриоттар форумынан көріністер



Жігер берген жылы сөз

Шығыстан атқан таңы батысқа әрең жетіп бататын, ұшқан құсының қанаты талатын кең байтақ елміз ғой. Ұлы бабаларымыздың қаны, аяулы аналарымыздың жасы сіңген бұл дала қайсымызға да қымбат. Бағымызға қарай, қазағымның маңдайына «елім» дейтін ұл бітті. Елбасымыздың сындарлы саясатының арқасында көгімізде күн, көңілімізде ән.

2007 жыл. Оқу жылының басы еді. Сырбай Мәуленов атындағы гимназияда оқып жүрген кезім. Мектепке Елбасы ат басын тірейді дегенді құлағым шалғанда, тұла бойымды ерекше сезім көрнеді. Халқының көңіліндегісін тауып, көкейіндегісін деп басқан Н.Ә.Назарбаевтай кісіні мен бұған дейін көгілдір экран арқылы ғана көргенмін. Тоғызыншы сыныпқа басқан қадамы әлі суымаған шақта тұтастай елді басқарып отырған жанды көру қаршадай ғана қыз үшін бақыттың шыңы еді...

Мектебімізге ҚР Президенті келеді дегенді естігелі бері терең ойда жүрдім. Сыныпта да, үйде де мені алаңдататыны Елбасымызбен кездесу. Сол бір жүздесуді бала көңіліммен қиялдап, елестететінмін.

Оқудан тыс спорт үйірмесіне қатысып жүрген алаңсыз күндердің бірі еді. Ұстазымыз «сапқа тұр» деген бұйрық берді. Есіктен төрге қарай нық қадам басып келе жатқан тұлғаны көзім шалды. Барлығымызбен амандаса келе, жәудіреген көзімді байқады ма, жоқ әлде асыға күткенімді сөзді ме, әйтеуір, Нұр аға маған қарай жақындай түсті. Қолыма допты ұстатып, «қане, көрсет өнеріңді» деген сөзі зор жауапкершілікті жүктеп қойғандай болды. Айтқанды екі етпей, себетке доп түсіргенімде төбем көкке бір елі ғана жетпей қалды. Елбасымыздың берген алғашқы тапсырмасын орындадым деген ішкі жігер онан бетер маздай түсті. «Жарайсың, болашағың жарқын болсын!». Елбасымыз айтқан осы бір ауыз сөз мен үшін ақ батамен тең болды. Сол кездесуден бері талай уақыт өтті. Тарыдай болып кірген мектебімнен түлеп ұшып, жоғары оқу орынына түстім. А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дың журналистика мамандығын қызыл дипломмен тәмамдадым. Бүгінде дүйім жұрттың алдына шығып, сөз бастап, кезінде Елбасымызды көрген сол көгілдір экран арқылы қазақ елін оятып жүрген жайым бар.

Осы уақытқа дейін жеткен түйірдей болса да жетістігімді сол бір кездесумен байланыстырамын да отырамын. Мендегі осынау мақтаныш сезімі орынды деп ойлаймын. Өйткені, егемен еліміздің Көшбасшысын өз көзімен көру көптеген жандардың арманы ғой.

Нұрсұлтан Әбішұлы кез келген жетістігіне еңбектің арқасында қол жеткізді емес пе. Алғашқы еңбек жолын от шашқан қып-қызыл домна пешінен бастағаны баршаға мәлім. Қызметтік жолын қарапайым металлурган бастап, ел тізгінін ұстаған

азаматтың жүріп өткен жолы маған үлгі.

Кең жазира қазақтың даласында бейбітшілік орна-



тып, халқын соңына ерткен Елбасымды тұла бойы қасиетке тұнған жан деп анық айта аламын. Асылы, елім дейтін, жерім дейтін Нұр ағамның бір қасиеті маған да жұғысты болған сияқты. Сондықтан, тұтастай елді басқару қолымнан келмесе де, кіндік қаным тамған жерге сүбелі үлесімді қосу менің міндетім деп білемін. Өзімнің Тәуелсіздіктің түйедей құрдасы екенімді еске алған сайын ерекше шабыт аламын. Еліміз егемендікке қол жеткізген 1991 жылы дүниеге келгенім және Мемлекет басшысын өз көзіммен көруім тағдырымның маған тартқан ерекше сыйы болар. Ұлт Көшбасшысының «Болашағың, жарқын болсын!» - деген сөзі мені алға жетелейді.

Жансая ҚОЖАХМЕТОВА, ГӘФ магистры

шем болған әкем мен ұлы анам ертерек, ал кіші шешем беріректе дүниеден өтті. Мен де талай ауырғанмен, дәм бұйырып аман қалдым. Өлмеген соң жан бағу үшін жат елде қара жұмыстың барлық түріне бейімделіп, талай кәсіпті меңгердік. Бізбен ағайындас, туыстас келетін бір жекжатымыздың қызымен бас қосып, содан қатыным алты құрсақ көтергенімен олардың төртеуі жастары онға жетпей өліп қалды, - деп ол кісі өткен өмірін бір сәт еске алды. Маңдайынан шыққан шып-шып терді етектей орамалыпмен сұртіп қойып әңгімесін одан әрі жалғастырды.

- Өстіп жүргенде алпысқа да келіп қалдық. Ел жақтан жақсы хабар естіген соң, онбестегі ұлым мен онүштегі қызымды әйелімді ертіп, есің барда еліңді тап деген бар ғой, Қазақстанға жетіп алуды көздедік. Кебіс тігіп жинаған азын-аулық ақшаның басын қосып, құрауға да келмейді, күнделікті ішіп-жемнен арылмайды. Сөйтсе де, жол қаражатын жинаған болдық. Осылайша жолға шығуға бел будық. Бірақ төртеуімізге бірдей ұшаққа билет алуға бәрібір ақшамыз жетпеді. Ал бұдан қалсақ кейінгі күніміз бұлыңғыр еді. Көшеде қаптаған, тіпті әуежайды кезіп жүрген Пәкістанның полицейлері жалаңдап тұр, қиыс бассаң іліп әкетіп түрмесіне қамайды. Одан әрі тағдырың белгісіз, әлдекімдер

ойыңа келмеген іске жегіп, жалдап әкетуі мүмкін, болмаса ұзақ жылдарға қара жұмысқа жегіліп кете барасың. Содан не істейміз? Үш билет алуға ғана қауқарымыз жетеді, сондықтан төртеуіміздің біріміз қалуымыз керек. Алпысты алқымдаған бәйбішем аурушаң, ұлым болса ұрпағымды жалғастырар жалғыз тұяғым, амал жоқ, қызымды қалдыруға тура келді, - деп кемсеңдейді Пәкістаннан келген оралман.

Осылайша Карачиде онүш жасар, бір мүшелге енді толған қаршадай қыз шырылдап, небары 180 долларға сондағы біреуге сатылып кете барған. Елге келіп, енді ғана есін жиып, алды-артын бажайлаған әлгі кісі санын соғып, Карачиде қалған қызын қимай аһ ұрады. Жанын қоярға жер таппай, Алматыдағы дүниежүзі қазақтары қауымдастығына келіп шырылдайды. Амал нешік, жат елде, тілі де, тірлігі де бөлек быжынаған халық ішінде, қызын жетектеп кеткен аты-жөні де белгісіз біреуді ол кісі енді қайдан тапсын. Содан бері 15 жыл өте шықты. Осы оқиға менің есімнен елі кетпейді. Пәкістаннан оралған ағайын аман болса өзі қолынан жетектеп жіберген, тірідей айрылған қаршадай қызын өмір бойы ойлап, шарқ ұрып, қан жұтып жүрген шығар, сірә. Бұл қазақ алмағайып заманда не көрмеді. Бұдан асқан қасірет жоқ шығар.

Тәуелсіздіктің тарих төріндегі тұғыры

Осыдан мың жарым жылдай бұрын ұлан-байтақ Еуразия даласының нақ төрінде дүниеге келген көне түріктер империясының құнарлы тарихы бар. Өтіп бара жатқан күндер... Жиырма үш жыл Он алтыншы желтоқсан. Бұл ерлік пен өрлік, қайғы мен қасірет, мидай араласқан әрі жарқын, әрі қаралы күн. Қазақ халқы ежелден еркіндікті аңсаған. Міне, осы еркіндік Қайрат, Қайыркелді, Түгелбай, Сәбира, Ербол, Ләззат сынды жүздеген, мыңдаған қыршындардың қанатын қиып түскен озбырлық күні, өктемдік күні.

Жиырма үш жылдық тарихы бар тәуелсіздіктің тереңіне көз жіберсек, сонау 1986 жылдың ұлт аласапыран кезі, Колбиннің қылышынан қан сорғалаған заманы, жастардың жарыққа басқан қадамы еріксіз еске түседі. Желтоқсандағы жастар жаңғырығы бодандықтың тоқтауы, бостандықтың бастауы болды.

1986 жылғы желтоқсанның 17-18 жұлдызында бүкіл елді дүр сілкіндірген ғаламат көтеріліс болды. Ресми деректер бойынша желтоқсан толқулары КОКП ОК-нің бас хатшысы С.Горбачевтың ұлт басшысы Дінмұхамед Қонаевтың орнына, бұрындары Қазақстанда жұмыс жасамаған Ульяновск облыстық комитет партиясының бірінші хатшысы Геннадий Колбинмен алмастыру шешімінен кейін басталған. Жергілікті халықтың Қазақстанға басшы етіп басқа ұлт өкілін тағайындауы наразылық тудырды. Бұны олардың алаңға шыққандағы «Өзін-өзі басқаруды талап етеміз!», «Әр халыққа-өз көшбасшысы», «37-сі болмайды!», «Ұлы державалық алаңғасарлыққа

тоқтау салу!» деген жазуы бар плакаттарынан байқауға болады. Оқиға 16 желтоқсан күні бейбіт шеру ретінде Брежнев алаңында бастау алған. 17 желтоқсан күні шерушілердің саны жиырма мыңға дейін көбейіп, кейіннен көтерілісшілер мен тәртіп сақшылары арасындағы қанды қақтығысқа ұласты. Ресми деректеме бойынша, оқиға барысында екі адам қайтыс болған, ал бейресми деректер бойынша -174 адам қайтыс болған.

Плакаттардағы ұрандарға қарап, оқиғаның ұлттық және саяси мәнге ие болғанын көреміз. Көтерілістің себебі ретінде басқа ұлттың тағайындалуымен қатар, советтік жүйеге қарсылық әрекеттер де көрініс тапқан. Оқиға болған жылдары ресми түрде көтеріліс ұлтшылдықтың көрінісі ретінде жарияланған. Колбиннің тағайындалуына дейін, Қазақстан тарихындағы 22 бірінші хатшының тек 4-еуі ғана этникалық қазақ болған. Бұл тағайындалуға дейін елде жұрт тарапынан мұндай наразылық тудыртпаған. Не себепті дәл осы тағайындау ұлттық сана-сезімнің оянып, көтерілістің туындауына себеп болды?

Сталин қайтыс болғаннан кейін, КСРО-дағы биліктің әлсіреуі байқалды. Елдердегі бірінші хатшы лауазымына, ол елдердегі титулдық этнос өкілдері тағайындала бастады. Желтоқсан оқиғасын елдегі екі негізгі этностардың- қазақтар мен орыстардың қақтығысы ретінде қарастырады. Алайда, кеңестік кезеңде құпия болған деректердің ашылуымен, желтоқсан оқиғасына қазақтардан басқа да ұлт өкілдерінің

180 долларлық қасірет



Бұл оқиға Қазақстан тәуелсіздігін алған алғашқы жылдары болған еді. Алматыда орналасқан Әлем қазақтары қауымдастығының бас маманы Ботагөз Уатқан телефон шалып, Пәкістаннан атажұртына оралған бір кісінің басындағы жәйтті өз аузынан естуімізді сұрады.

Қызық оқиға, қызық емес-ау, қасіретті жағдай. Қазір аты-жөнін ұмыттым, алпысты алқымдаған қаба сақал қараторы кісі Пәкістаннан кеше ғана келгенін айтты. Қайтсем атажұртқа оралам деген арманы жанын жәй таптырмай, әйел мен бала-шағасын ертіп әуежайға келеді. Қолындағы азын-аулақ қаражатына Алматыға ұшу үшін билет сатып алмақ болады. Тезірек бұл елден кетпесе, аласапыран болып жатқан аймақтан шығу қиын. Сол жылдары бұл елде террорлық әрекет өріс алып, діни араздық өршіп тұрған еді. Әр тұста орын алған жарылыстар, өздерін өздері шейіт жасап, жанын пида етушілер көбейіп кеткен-ді. Бұл қарапайым жұрттың үрейін алып, тыныштық бермей тұрған. Оның үстіне жергілікті полиция қашқын-босқындарды аулап, қамайтынын қамап, қалғанын құл-құтан етіп сатып жібереді. Бастары саудаға салынып, құлдыққа түсіп кетпей тұрғанда, есіміз барда елімізге жетейік деген бір ғана тілек болды.

Еліміз егемендігін алған соң шет мемлекеттердегі ағайын қандастарымыз атажұртқа атбасын бұра бастаған тұс. Дүниежүзі қазақтарының алғашқы құрылтайы 1992 жылдың қыркүйек айында Республика сарайында өтіп, онда Мемлекет басшысы сөз алып, алыстағы ағайындарды атажұртқа шақырып, азат Қазақстанның туын желбіретіп, іргетасын бірге қаласуға үндеді. Сол жолы Алматыда өткен құрылтайға әлемнің әр қиырынан келіп қатысқан ағайындар әсерленіп, атажұртқа оралуға деген құлшыныстарын білдіріп жатты.

Бұл қазақ не көрмеді. Өткен ғасыр басындағы зобалаң жылдары елден безіп, босып қашқан

ағайындардың бір шоғыры Ауғанстан асып, сол жақта жатжұрттықтардың қолынан қынадай қырылғаны туралы кезінде «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Сейстан сұмдығы» деген мақаладан оқығанымыз бар. Солардың ішінен тәңір жарылғап аман қалған бірен-саран қазақтар Пәкістан асып, сол жерді паналап, өлместің күнін көріп, тірлік кешкен жәйлары белгілі. Әлгі ағайын солардың жұрнағы болмаса нетті.

Сол Пәкістанға айтып болмас зобалаңның салдарынан бала кезінде ауып кеткен Саламат қажы жасы тоқсаннан асып атажұртқа оралған. Сол жолы 14 адам келіпті. Оларды бұрынырақ келген Қамардин деген кісі күтіп алған. Салмат қажының айтуынша, өзі білетін, елге кетсек деп телмірген 20 отбасы Иранда, отыз шаңырақ Пәкістанда буынып-түйініп отырса керек. Алайда олардың ұшаққа отыра салып тартып отыруға жағдайы келмейді. Тіпті күнделікті нан алуға мүмкіндігі жоқ көрінеді. Соларға жедел көмек керек деген еді. Ал бұрынырақ келгендері Түркістан шаһарынан қырық шақырым жердегі Достық ауылына қоныстаныпты. Біз осында болған сапарымызда Ираннан келген бір топ ағайын бала бақша жатақханасына уақытша орналасыпты. Ақ жейде, дамбал киіп, кебіс сүйреткен ер кісілермен бірге дәмдес болып аз-кем сөйлестік. Жылы жақтан келгендер өздеріне оңтүстік өңірді қолайлы көріпті. Көбі саудамен айналысып, кебіс тіккенге бейім екен. Ал жаңа келген әйелдері бөлек тұрып жатты. Үлкен бөлме есігінен бізге қарай басын қылтитып, сығалап қарап қояды. Бұл осының алдындағы оқиға еді.

Содан Қауымдастық ғимаратына келгенімде Пәкістаннан келген әлгі кісі ертесінде есін жиған соң кәдімгідей бой жетіп қалған, бір мүшелге енді толған қызынан айрылғанын, өз қолымен сатып жібергенін жаңа ғана пайымдап, аһ ұрып отырды. Алайда одан не пайда, жат елде, өзге жұртта қалдырған қаршадай қызын енді көрмесі анық. Пәкістан әуежайында болған оқиғаны ол кісі былай деп айтып берді.

- Қазақстанға оралсақ деген арман бізді жетелеп Карачи әуежайына алып келді. Осының алдында бір таныстарымыз атажұртқа қоныс аударғанын естігенбіз. Қазақ елі өзінің бостандығын алып, коммунистік жүйеден құтылғаны туралы әңгіме жиі құлаққа шалынатын. Бұл біздің де үмітімізді оятып, қиялымызға қанат бітіргендей болды. Аталарымыз отызыншы жылдары орын алған дүрбелең, алмағайып заманда бас сауғалап, Қазақстанның батысынан қашып-босып, осы жаққа өтіп кеткен болатын. Адам басына ауыртпалық түскенде бәріне үйренеді екен. Бұл жақта да шекеміз шылқ еткен жоқ. Әкелеріміз бар малынан айрылып, мамыражай күндері көзден бұлбұл ұшып, жан бағып, бала-шағаны асырау үшін аз уақытта етікші, тігінші, саудагер болып шыға келді. Біз үш ағайынды – екі ұл, бір қыз едік, көп ұзамай тете ағам мен әпкем жұқпалы аурудан қайтыс болды. Менің екі ше-

Жас жұбайлар қуанышы

Биылғы наурыз айында Қостанай қаласында ерекше неке қию рәсімі өткен болатын. Ерекше дейтініміз, неке қию салтанатында жас жұбайларға Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың құттықтау хаты табысталды.


Президентке хат жазып, өзінің тойына шақырған күйеу жігіттің есімі – Әсет. Ол 1991 жылы туған, Тәуелсіздіктің түйдей құрдасы. Рудный индустриалдық институтын тәмамдаған. Қазіргі уақытта Магнитогорск мемлекеттік техникалық университетінде металлург мамандығы бойынша білім алуда. Ал жұбайы Анар аталған оқу орнында құрылысшы мамандығында оқып жатыр.

Әсет Сүндетбаев Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевты үлгі тұтады. Ол еліміз Тәуелсіздік алған жылы дүниеге келгенін мақтана айтады. Металлург мамандығын таңдауы да бекер емес. Елбасы сияқты білімді, сыйлы азамат болуды армандайды. «Тәуекел түбі жел-қайық, өтесің де кетесің» деген бар

емес пе. Әсет тәуекелге бел байлап Президентке хат жазып, үйлену тойына шақырған. Арада бір апта уақыт өткенде облыстық әкімдіктен хабарласып, хаттың межелі жерге жеткенін айтады. Қуаныштысы сол, неке қию салтанатында екі жасқа Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың құттықтау хаты табысталды.

- Мемлекет басшысын қатты құрметтеймін. Оның еңбек жолын, ақыл-парасатын үлгі етемін. Еліміздегі тыныштық пен тұрақтылық Елбасының еңбегі деп білемін. Мемлекет басшысының салиқалы саясатының арқасында жастар шетелде білім алуда. Мәселен, жұбайым Анар екеуіміз Ресей Федерациясында білім гранты бойынша оқып жатырмыз. Мақтанышыма айналған Н.Ә.Назарбаевты үйлену тойыма шақырамын деп іштей ойлап жүретінмін. Бұл туралы достарыма айтқанымда, олар сенбеді. Елбасы мемлекеттік маңызы бар мәселелермен айналысады, жұмысы көп. Соған қарамастан менің хатымды ескеріп, жауап бергені үшін ризамын,-деді Әсет Сүндетбаев.

Суретте: Әсет және Анар Сүндетбаевтар



Қос қаламгердің жеңісі

Аударма — халықпен халықты, тілмен тілді, әдебиетпен әдебиетті қауыштырушы дәнекер. Бүгінде халықтардың өзара достық қарым-қатынасында, олардың бір-біріне етене жақындасуында аударма шығармаларының орны ерекше.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі, Ресейдегі Қазақстан Республикасының елшілігі, Қазақстан Жазушылар одағы және «Қазақстан КВН Одағы» республикалық жастар қоғамдық бірлестігі




«Алтын көпір» халықаралық аудармашылар байқауын ұйымдастырған болатын. Жақында осы байқаудың шорт-парқшасы жарияланды. Аудармашылар арасында біздің жерлес қаламгерлердің мерейі үстем болды.

«Қазақшадан орысшаға аударылған поэзия» номинациясы бойынша ақын, аудармашы Әбдірахман Досов жерлесіміз, белгілі ақын Ақылбек Шаяхметтің «Ақсұлу» тарихи драмасының аудармасы үшін бірінші орынға ие болды. Ақын Ақылбек Шаяхмет «Орысшадан қазақшаға аударылған поэзия» номинациясы бойынша орыс ақыны Арсентий Тарковскийдің шығармаларын ана тілімізде сөйлеткені үшін екінші орынға ие болды.

Суреттерде: Проза жанрында бірінші орынға ие болған аудармашы, жазушы Анатолий Ким және ақын Ақылбек Шаяхмет.

Поэзия жанрында бірінші орын алған ақын, аудармашы Әбдірахман Досов



Осы жағдайларды ескере отырып, жемқорлық құқық бұзушылықтарды дер кезінде болдырмау қаншалықты маңызды екенін көруге болады. зор. Осы мақсатта аймақтық Департаменттердің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтерінде кез келген мемлекеттік органдардың, Ұлттық компаниялардың бағаның құрылуынан бастап сатып алумен аяқтайтын мемлекеттік сатып алуларына талдау жасау өкілеттілігі кіретін бөлім бар. Құқық бұзушылық анықталған жағдайда конкурсты болдырмау жөнінде ұсыным хат жазылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің ұсыныстарымен мемлекет бюджеттік қаражаттардың бірсыпыра бөлігін басқа мақсатта пайдаланған кінәлі тұлғалар қылмыстық емес, тәртіптік жауапқа тартылады.

Жемқорлыққа қарсы тұруға Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа

қарсы» жаңа заңы әсерін тигізеді. Осылайша, бізбен облыстың 17 мемлекеттік органының қызметіне жүргізілген талдау нәтижесінде жемқорлықтың алғышарттары болуы мүмкін 56 қайшылық анықталды.

Жемқорлықтың алдын алу үшін телеарналар мен радиоканалдардағы бағдарламалар арқылы азаматтардың жемқорлыққа қарсы сауаттылығын көтеріп, тегін заңгерлік көмек көрсетіп, әртүрлі кездесулер мен қоғамдық іс-шараларды жиі өткізу керек.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес құқық қорғау органдарының, барлық мемлекеттік органдардың, қоғамдық институттардың қатысуымен үнемі түрде, жалпы, кешенді түрде ұйымдастырылуы тиіс деп санаймын.

Біздің азаматтарға құқық бұзушылықтарға қарсы іс-әрекеттер мен олардың нәтижелері де маңызды. Ал, ол үшін

бізге мемлекеттік органдардың қызметінің есептілік, ашықтық, сонымен қатар бюджеттік қаражаттарды мақсатты пайдалануы, мемлекеттік қызметшілерді тағайындаудағы меритократия принципін ұстануы, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жақсарту сияқты мәселелерді жетілдіру қажет.

Мінекей, халық мемлекеттен дәл осыны күтеді. ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі регулятивті және құқық қорғау функцияларын біріктірген. Департаменттің кадрлық әлеуеті, нақты қойылған міндеттер мемлекеттік қызметті ұйымдастыру мен өткеруді реттеу, мемлекеттік аппарат талдауының тазалығы және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, жемқорлық қылмыстар жасаған азаматтарды қылмыстық жауапқа тарту сияқты мәселелерді реттеуге шынайы мүмкіндіктер береді.

**Данияр Үсенов,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің басшысы**

Данияр Үсенов: «Жемқорлықсыз мемлекет - заман талабы»

Сыбайлас жемқорлық кез келген мемлекеттің саяси, діни, экономикалық, дамуына кері әсерін тигізіп, ұлттық қауіпсіздікке үлкен қауіп төндіретін қоғамдық дерт. Бүгінде жемқорлық фактілері мемлекеттік билік пен қоғам үшін аса үлкен мәселе болып отыр.

Елімізде 2014 жылы қабылданған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стратегияда жемқорлықты түп тамырымен жоятын, мемлекет пен қоғам өмірінің түрлі салаларында сыбайлас жемқорлықты тудыратын жағдайлардың алдын алатын кешенді шараларға баса мән берілген. Осы бағыттағы жұмысты күшейтіп, жауаптылықты арттырғанына қарамастан, шенеуніктер тек бір мақсат-жеке табыс табу немесе ақшалай сыйақы алуды ойлап, коммерциялық ұйымдардың мүдделерін қорғап, қылмыс жасауды жалғастыруда.

Мемлекеттік мүлікті пайдалану, бюджеттік қаражаттарының шығыны, құрылыс, әлеуметтік объектілерді жөндеу, транспорттық коммуникация салаларында сыбайлас жемқорлық жиі орын алады.

Тәжірибе көрсеткендей, бюджет қаражатының кірісі мен шығысына жауапты шенеунік көп жағдайларда бизнес өкілдерімен байланысады. Соның нәтижесінде лауазымды тұлғалар қолдайтын кәсіпкерлер еркінсіп, салықтық, бюджеттік, өзге де заңнамаларды бұзып, мемлекеттік органның қызметтік ақпаратын еркін пайдалануға мүмкіндік алады.

Мемлекеттік сатып алулар нәтижесі бойынша шарттар конкурстық құжаттамаға сәйкес келмейтін қатысушылармен жасалып жатады. Сонымен қатар, шенеуніктер мемлекетке тиімсіз инвестициялық жобаларды жүзеге асырып,


түрлі бағдарламаларды қаржыландыру арқылы сыбайластарына бюджет қаражатын субсидия, несиелер ретінде таратады.

Бұл әрине, бюджетке кесірін тигізіп, мемлекеттік, салалық бағдарламалардың жүзеге аспай, тоқтап қалуына әкеледі. Ең өкініштісі, халықтың билікке деген сенімін төмендетіп, әлеуметтік мәселелердің шешілуіне әкеліп соғады. Мұндай іс-әрекеттер кәсіпкерлердің де абыройына кері әсерін тигізетінін

тәжірибе көрсетіп отыр. Қызметін асыра пайдаланып, заңсыз жолмен ақша табуды ойлаған кәсіпкерлердің бизнесі алысқа ұзамайды.



Қытайдан келген қандас



Мына суреттегі кейіпкеріміздің аты-жөні - Мүкен Құнақын. Қандасымыз Қытай Халық Республикасының Шыңжаң өлкесінде туып өскен Алтайдың ар жағындағы елде ержетіп, мектеп бітірді. «Жануарлар ғылымы» мамандығы бойынша жоғары білім алған. Қолына дипломы тиген соң, Шыңжаң өлкесі, Қарабұқа қалашығындағы әкімшілікте жеті жыл еңбек етті. Биылғы жылдың шілде айынан бастап Қостанай қаласындағы А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-да магистратурада оқып жатыр. Қытайдан келген қандасымыздың

таңдауы Қостанай қаласына түсуінің өзі бекер емес.

- Бала кезімнен Қазақстанды көруді армандайтынмын. Сондықтан жаз айларында Астана мен Алматы қалаларындағы туған-туыстарыма қыдырып бардым. «Атың барда жер таны, желіп жүріп» демекші, мақсатым жер көру, ел тану. Оның үстіне, ата-бабамыздың шыққан тегін, туған жерін білу перзенттік парызым,-дейді Мүкен Құнақын.

Мүкен Қазақстанның барлық қалалары туралы білгісі келеді. Сондай-ақ тарихи орындарды өз көзімен көріп, құнды деректермен танысуды қалайды. Осы мақсатта интернет арқылы ақпарат іздеп, еліміздегі алдыңғы қатардағы кітапханаларға да барған. Нәтижесінде, Қостанай қаласында білім алуға бел байлайды.

- Қостанайға бірінші рет келуім. Мұнда менің таныстарым жоқ. Бұл қаланың табиғаты, тазалығы, мәдениеті туралы жақсы пікірлер естідім. Осылайша, Тобыл өңірін көруге деген қызығушылығым арта түсті. «Мың рет естігенше, бір рет көр» дегендей, тәуекелге бел байлап «Қостанай қайдасың?» деп жолға шықтым. Оңтүстік аймақта Алматыны - ару қала деп атасақ, солтүстік аймақтың сұлу шаһары - Қостанай дер едім. Тобыл-Торғай топырағынан А.Байтұрсынов сияқты халқының жоғын жоқтаған қайраткер шыққан. Бұл кісі қазақ әліпбиінің атасы. Ең алғаш төтежазуды ойлап тапқан алаш зиялысы. Шыңжаң өлкесіндегі қазақтар әлі күнге сол төте жазуды пайдаланады. Қостанайдың бидайы халықаралық деңгейде танымал. Солтүстік аймақтағы үздік оқу орны ҚМУ да осы қалада орналасқан. Ендеше, мен таңдау жасауда қателескенім жоқ,-дейді кейіпкеріміз.

Иә, Қостанай облысының тарихы бай. Астықты аймақтың табиғаты көркем. Туған өлкеміздің мақтанышына айналған Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Б.Майлин

сияқты тау тұлғалары қаншама. Республика жұртшылығына кеңінен танымал «Науырзым» қорығы тағы бар. Осындай артықшылықтарымен ерекшеленетін Қостанайды Мүкен Құнақын шетелдегі қазақтарға насихаттасам дейді. Бүгінде ҚМУ-дың ветеринария факультетінде оқып жатқан магистрант еліміздегі туризм саласының дамуына үлес қосқысы келеді.

Суретте: Мүкен Құнақын

Сапалы білім – жарқын болашақ кепілі

«Серпін» әлеуметтік жобасы туралы әсіресе, студенттер әртүрлі сауалдар қояды. Көпшілікті ойландырған сұрақтарға жауап беру мақсатында, А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дағы «Жастар бағдарламаларын дамыту орталығының» директоры Болат Қалиевтен сұхбат алған едік.

- Сәлеметсіз бе, сұхбатымызды «Серпін» бағдарламасына түсінік беруден бастасақ.

- «Серпін» - әлеуметтік жоба. Бұл жобаның басты мақсаты - Қостанай, Көкшетау, Петропавл, Павлодар сияқты халқының саны аз қалаларға еліміздің оңтүстігіндегі түлектерді тарту. Осылайша, әртүрлі салаларға жаңадан жұмысшы күші қосылады. Өзге өңірлердегі жастардың жұмыспен қамтылуына да зор мүмкіндік береді.

Мен «Серпін» бағдарламасын насихаттау барысында Оңтүстік Қазақстан облысының барлық аудан-ауылдарын аралап шықтым. Сонда байқағаным, Оңтүстік Қазақстан мен Қостанай облыстарын салыстыратын болсақ, мектеп бітірген түлектер саны біздегі көрсеткіштен 10-15 есе көп. Біріншіден, Оңтүстік облыстардағы жоғары оқу орындарында дәл сонша түлекке жоғары білім беруге мүмкіндік аз. Екіншіден, топтағы студенттердің саны көп болған сайын, білім сапасына кедергі келтіруі мүмкін. Үшіншіден, ҚМУ-дағы «Серпін» бағдарламасы индустрияландыру бағыты бойынша жүзеге асуда. Осы бағыт бойынша Қостанайда көптеген зауыттар жұмыс істейтіні белгілі. Атап айтқанда, «Агромашхолдинг» АҚ, «СарыарқаАвтомобиль» автопром» АҚ және басқа да өнеркәсіп орындары бар. Қостанай аграрлы аймақ. Сондықтан бізде ауыл және мал шаруашылықтары мен машина құрастыру бағыттары жақсы дамып келе жатыр. Ал бағыт дамыған сайын, онда жұмыс істейтін мамандар қажет. Сол мамандарды оқытып шығару - негізгі міндетіміз. Сондықтан, біз оңтүстіктің түлектерін Елбасы ұсынған «100 нақты қадам» Ұлт жоспарына сәйкес, жоғарыда аталған бағыттар бойынша оқытуды қолға алдық. «Серпін-2050» бағдарламасы өндіріс орындарындағы маман тапшылығын жоюдың бірден бір жолы.

Аталмыш бағдарламаның тәрбиелік жағы да бар. Мысалға бір адамның Америка Құрама Штаттарында үйі, өзге штатта жұмысы бар делік және ол бір штаттан екіншісіне күнбе күн қатынауы мүмкін. Неліктен? Себебі қызмет сондай, талап сондай. Ал бізде Қазақстанда халқымыздың қалыптасқан менталитеті бар. Ұлттың қазақ болмауы мүмкін, бірақ Қазақстанда тұрып жатқан әрбір ұлттың осы жердегі менталитетке үйреніп қалғаны рас. Ол – өз үйімде болсам, туған-туыстарымның қасында отырсам деген менталитет. Біз баламызды алысқа жіберуге қорқамыз, өзіміз де жыраққа кетпеуге тырысамыз. Ал бүгінгі заман талабы басқа, қазір олай істеуге болмайды. Сондықтан баламызды өзге елге жібермесек те, Қазақстанның бір түпкірінен екінші түпкіріне жіберуіміз керек. Біріншіден, өзге ортадан білмегенін үйреніп, көзі



ашылады, таным көкжиегі кеңейеді. Екіншіден, бәріміз біртұтас ел екендігімізді ұғынады.

А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-ға биыл 450 түлек келді. Арман қуып келген жастардың дені Қостанайды бұрын-соңды көрмеген. Осы 450 жас өзінің туған жеріне барып «Қостанай да кәдімгі өзіндік дәстүрлері қалыптасқан, ауа-райы, тазалығымен ерекшеленетін көркем шаһар, Отанымыздың бір бөлшегі екенін түсінеді.

- Кейбіреулер «Серпін» - қазақтандыру саясаты деп жатады, бұған не дейсіз?

- Мен «Серпін» бағдарламасы бойынша оңтүстікті аралап шықтым. Сондағы байқағаным, аталған аймақтың бір бөлігіндегі тұрғындардың өзбек, кейбірі ұйғыр, енді бірі араб халықтарының менталитеттеріне еліктеп кеткендігін аңғаруға болады. Ал біздің облыс туралы өзгелер «орыстанып кеткен» деген пікір айтады. «Орыстанып кетті» дегенді қалай түсінуге керек? Басқа ұлттың жақсы жағын алу, орыс тілді жетік меңгеру орыстанып кетті дегенді білдірмесе керек. Ұлттық тәрбиеңнен ажырап қалмасаң болғаны. Менің айтпағым, «Серпін» бағдарламасына қазақыландыру саясаты деп баға беруге болмас.

- «Серпін» бағдарламасымен білім алып жатқан студенттер маман ретінде Қостанайда қалуына мүмкіндік бар ма? Қандай мамандықтар бойынша?

- Оқу орнындағы негізі төрт факультет: ақпараттық-

Ұстаз келе жатыр...



Жай ғана айтылғандай болып естілгенімен, осы сөздерді қаншама құрмет жатыр десеңізші! Иә, бұл сөзді мен де естідім. Маған да арналып айтылды. Ол кезде ұстазға деген көзқарас өте жақсы деңгейде болды. Гүл алуымыз да сирек. Ата-аналар да жиналысқа түгел келіп, оқыған баяндаманы тыңдап, шыға сала "ұстаздың айтқаны жөн, баламды осылай тәрбиелеуім керек екен" деп бірін-бірі қостап, отбасында да осы әңгіме жалғасын табатын. Шәкірттеріміз де үйлерінде "ұстаз" болып ойнайды екен. Ал қазіргі таңда сыныптардың басым көпшілігінде ата-аналар жиналысқа келмейді, ұстаздарға қарсы сөйлеп жататыны да шындық. Осындайда, ұстаз беделі төмендеп бара ма деген ойда қаласың.

Қазіргі ұстазға талап жоғары, бәсекеге қабілетті болуы керек деп жатады. Марapatтау да көп. Ол кезде талап жоғары болмады ма, болды. Еңбектері де елден. Біздің уақытта "еңбек адамның төрге шыққанын" коммунист" атануынан білетін едік.

Қай заманнан бері айтылып келе жатса да, бүгінде ұмыт бола бастағандай ма, қайдам?.. Қазір "Ұстаз келе жатыр" десе де шәкірттеріміз қаймықпайтын болды. Менің алғашқы еңбек еткен жылдарымда осы сөзге шәкірті түгіл, ата-анасы да елге ете қалушы еді.

1986 жыл Балауса арманымының бұр жарған шағы. Қазіргі таңда жас мамандар "Дипломмен - ауылға" бару үшін үй-жаймен, қаржымен қамтамасыз ету жөнінде шарт жасайды. Ал біз, жолдамамен жіберген жерге бара беруші едік. Мен алғашқы еңбек жолымды "Аққұм" ауылынан бастадым. Есіктен кіре, төр менікі демедім. Мектеп директоры Қойшығара Оспанов еді. «Әп» дегеннен қатал тәртіпке үйретті. Жалқаулыққа жаны қас еді. Жаны рухани қазынаға толы білікті басшы болатын. Бірдің ғана емес, мыңның тілекшісі екенін ұғындырып, "нәзік жантанушы" болуға баулыды.

1987 жыл Жанкелдин ауданында Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепте кемел ұстаздарды шын мәнінде көрдім. Қос орденнің иегері Балдай Турмағанбетова, Базаркүл Тарбақова, еңбек озаттары Қонақбай Алиң

Исанхан Хамзабаев, Ғалымбек Әбілқайыров, Бәтима Қосылбаева. Иә, айта берсем шексіздікке ұласады. Олар шыншыл мінезді, кең жүректі, қайсар, еңбекқор, іскер, нағыз ұстаздар еді. Өмірімде осы қасиеттердің бірі бойымнан табылып жатса, ол осындай ұлағатты ұстаздардың тәлімі. Мұғалім мамандығы адам жандүниесінің ең нәзік, ең күрделі қыр-сырына қызмет ететін адамтану екендігін де осы әріптестерім үйретті. Ол кезде педагогикалық кеңесте интерактивті тақта пайдаланбаса да, тәжірибелі мұғалімдер білім сапасы туралы келелі ойлар қозғайтын. Жөнсіз дауласу жоқ, үнемі бір ымыраға тоқтайтын. Баға әділ, үлгімі төмен оқушыларды бүркемелейтін "екі" қойылады. Бірақ, "екі" сол қалпында қалмайды. Келесі жолы азаяды. Әрине, тынымсыз дайындықтың арқасында. Қазіргідей "репетитор" болып қаржы табуға ықыластанбайды, алып қосымша білім беруді өзінің міндеті санайтын. «Адам баласы өмірге келген соң, ұрпақ тәрбиелеп, артында ізгілікті іс қалдыруы керек. Меніңше, өмірде талантсыз бала туылмайды, тек талантты көре алмайтын ұстаз болады», – дейтін өз мамандығына адал сол ұстаздар. Мінекей, мамандыққа деген адалдық деп осындайда айтса керек.

Мынау суреттегі әріптестеріміздің бейнелері жүрегімнен өшпестей болып орын алған. Оларды ойлағанда мынадай аңыз еске түседі. Бағзы заманда қаһарынан ел сескенетін бір патша өмір сүріпті. Оның бетіне ешкім қарсы сөз айта алмайды екен. Бірде сарайына қарапайым киім киген адам баса-көктеп кіріп келіпті. Патшаның жауынгер жасағы әлгі кісіні тоқтатпақ болғанда, патша өзі тағынан тұрып, басын иіпті де: «Жолына бөгет болмаңдар, ұстаз келе жатыр, ұстаз!» депті. Осыдан кейін елде ұстазға деген құрмет артып, олардың алдында хан да, қара да бас иетін заман орнапты дейді. Ал сіздер, оқырмандар, ұстаздарыңызды ұмытқан жоқсыздар ма?

Роза ЖАРҚЫНБЕКОВА,
Рудный қаласы №15 орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі

Бірін Ермектің көңілі
жабырқау. Ештеңеге зауы
жоқ. Айналасына қарап, көпір
ретінен Мобыл өзенінің теңік
толындарың талмашалап қана
тұр. Бірін-бірі суып, Жете
алмай, ақыры қайта кейін
қайтымын жатқан толындар.
Біресе Жағаға соғып, біресе
кейін қайтып әуре. Ермек сол
лазабыз толындардың арағын
нан әлдекімді іздейтін секілді.

Ұзақ уақыт далада тұрып,
тоңың қалғанын Ермек Жаңа
ғана сезгендей. Оның ретіне
қозғалып
қара
уы
ты
тұла
д о й н
а я з д а й
қ а р ы
к е т е с е
к е р е к .

Қарысын қалған қолдары әрең
қазып, ұлағдалған бір ұрыс
қазғанды ашып, бір-бір етіп
оқыды.

«Көкешім, жаным көкеш, ба-
уырым...» Ермек өксігін дағып,
терек тыныс алды да жатты
әрі қарай оқуын жалғастырды.
«... Шалаң жетсе сен мені
кешіруге тырыс. Мен дәл
тағдырдың лазағына көңілді
алмайды екенім. Көкешім!
Сен, сен қайсар жігітсің
ғой. Сондықтан тағдырыңмен
көрес, төрді дағың жанарына
сепелім. Бір өткініші сынақ,
сен тек төзе біл, сағынды еын-
дыра көрме, көкешім. Ая менің
орным анамның жанында...
Білемін, мені ешкімнен кем
қылмай, барынша қалжырашым
дола ділдің. Мен сені мақтан
етемін. Бірақ, көке, қыздала
ршын ананың орны бір бөлек
емес пе! Соңғы уақыттары
анам төреліме кіріп жүр. Бала
көңіліңде жиі дараттын көк
шалғын есінде ме? Міне, сол
жақтан айдап өрмені қолың
дәлген шақырады да тұрады.
Мен жете дергенде көкке
ұшқандай көз алдымнан қайып
долып кетеді.



Қысқасы, мен
айанды сағынып
жүрмін. Бірақ
артың шырдай
алар емесің.
Мен... Кетемін...
Әкем... Әкеме
бае-көз дол, көке.
Оны тұзу жолға

салға екеміздің қорғанымыз
жетпегені өкінішті. Меріе жол-
да жүрсе де, тірі жүреіңші.
Қанша жерден арақ ішсе де,
Қанша жерден көше кезсе де,
Қалай дегенмен ол бізге өмір
сыйлаған әке ғой. Қысқасын
көше кезіп жүріп, реті кетпесін.
Сен оны тауып ал да жылы
қуіл дер. Аш қалдырма,
диреудің ренжітуіне жол дерме.
Оның қаңғыдап, қорғанысыз емес
екенін сен білесің ғой, көке. Сен
әкеміздің қылығына өкпелеме.
Анамыздың аяқасты қазағы

Жанайқай

оған да
ауыр түді
ғой. Оны
төріңге
тырыс.
Қанша
қырысың
да, ол діз-
ді әлі де
бұрынғыдай
жақсы
көреді. Шек
ділдірмейді.
Меріесің де?
Мен оны сеземін.
Қоңырдың бір
көңіңде ол
рәте орайлар.
Сол кезде сен де
Қалғызсырамайтын
долағың.
Көкешім, мен сені
аналардан
тастап даралым.
Өміңемін,
мені айыптай
көрме. Ерме-
ме, кеш пе мен
дәрібір...

Бұл дерт мені сенің қабыңда
мәңгіге қалдырмайды.
Сондықтан мен өмірден өз
еркіммен кетуді ұғардым.
Соңғы сөйлемді оқығанда
Ермектің көзінің алды
қарауытып, дағы айналды.
Не істерін білмей қара Жер-
ге отыра кетті. Сол ақ екен
қрлағына таныс дауыс естілді.
Бұл кім еді? Өзінің туған
қарындағының дауыс екен ғой.
«Көкешім, мені іздеме! Мен
анамды сағындым»-дейді әлі
дауыс.

«Жо, жоқ, болмайды!
Ермек өзінің дауысынан өзі
шошып кетті. Жігіттің
Жанайқайын естіген бір топ
көгершін жан-жаққа дыты-
рап, үркей ұшты. Жағаға
қарай талпынған Мобылдың
толындары да кейін қайтыпты.
Жүрегінен Қарып шыққан
жігіт сөзін томықпеша
қайталады жаңғырық.

Гүлдана СЕЙІТҒАЗИНА,
ГӘФ журналистка
мамандығының 2 курс студенті

технология, ветеринарлық және мал шаруашылығы,
агробиологиялық және инженерлік-технологиялық.
Мұның барлығы индустрияландыру бағыты бойынша
білім береді.

Ал «қаншалықты қалады» деген сұраққа, «дені»
деп жауап беруге әбден болады. Бізде жақсы
сөз бар «Қостанайға келгенде екі рет жылайсың,
біріншісі «келмеймін» деп, екіншісі «кетпеймін»
деп». Оңтүстіктің тұрғындары Қостанайдың ауа
райын суық дейді де, кейін бейімделіп кетеді. Ауа
райының ерекшелігі Қостанайға келушілерге теріс
пікір қалыптастырмайды деп ойлаймын. Және сту-
денттер индустрияландыру бағыты бойынша оқып
жатыр. Осы бағыттағы зауыттар бізде бар. Мыса-
лы, Қызылордада күріш егу кәсібін оқып, игеріп,
Қостанайға жұмыс істеуге келмейсің ғой. Себебі
солтүстікте күріш екпейді. Сол сияқты біздің об-
лыста оқып, мамандығың бойынша диплом алған
соң, жұмыстың жайын ойлайды. Ал сол жұмыс
Қостанайдан табылады. Төрт жыл оқыған қала,
үйренген орта, студенттік шақтағы құрбы-құрдас,
жолдастар кімнің де болмасын өмірінде мәңгіге
сақталары анық.

- «Серпіндіктерге» не береміз? Яғни,
бағдарлама бойынша білім алып жатқан сту-
денттерге қандай мүмкіндіктер, жеңілдіктер
жасалған?

- Біз сапалы білім береміз. Бойларындағы
жасқанушылық қасиетті жоямыз, олар ашылады. Бұл
жобаның талаптары бар. Сол талаптарды барынша
елеп-ескереміз. «Серпіндіктер» жатақханаға орнала-
стырылады. Қаладағы спорт кешендерімен келісіп,
салауатты өмір салтын ұстанудың мүмкіндіктерін
жасауымыз керек. Оларға медициналық қызмет
көрсету жағдайын жасап, асхана бөлуіміз керек. Олар
шәкіртақы алып тұрады, студент тегін оқиды. Жылына

екі рет жол картасының ақысы бар, мемлекет тара-
пынан өте керемет жеңілдіктер жасалған. Шынында
да тамаша мүмкіндік емес пе! Бұл балалардың да
бізге берері көп. Олар бізге жаңаша көзқараспен,
тың идеялармен келген жастар. Жанарлары жанып
тұрған жігерлі жандар. Осы ортадан бар мүмкіндігімізді
салып суырылып шығамын, көшбасшы боламын деген
жастар. Сондай идеялар жерде қалмай жүзеге
асуы керек. Ал біз жалынды жастарды қолдаудан
қашпаймыз. Ең бастысы, оңтүстік жастарына жақсы
идеология беріп, дұрыс бағыт көрсетсек біздің
мақсатымыздың орындалғаны. Негізі, тәрбие беру
дегеніміз - ең ауыр, жауапкершілігі мол жұмыс.
Мұндай жауапты істе «Серпіндіктердің» де белсенді
болғаны жөн.

Спортқа келер болсақ, біз студенттердің
қызығушылығын, икемін байқаймыз. Олар-
дан спорттың қандай түрімен шұғылдануды
қалайтындарын сұраймыз. Көпшілік қалаған спорт
түрін дамыту біздің міндетіміз. Ал жатақханадағы
жағдай тіптен тамаша. Түлектер біздің өңірге жұлмай
жатып, біз алдын-ала 450 орын дайындап қойдық.

- Университетіміздің студенттеріне деген
тілегіңіз болса.

-Студенттік кез нағыз білім алатын уақыт. Сондықтан,
оқып, үйренуден, ізденуден жалықпаңыздар деймін.
Сапалы білім алып, ата-аналарының үмітін ақтауына
шын жүректен тілектеспін. Ата-ана де, оқытушылар
да балаға жамандық тілемейді. Түсінген жанға,
осы бір ауыз сөздің астарында үлкен мән-мағына
жатыр. Сөзімді қорыта айтқанда, жастардың ата-
аналарының үміттерін ақтауын тілеймін!

сұхбаттасқан Гүлдана Әбдібаева,
ГӘФ журналистика мамандығының 2 курс
студенті



Іскер азамат

Ильященко Виталий Ильич туралы сөз



Мал шаруашылығы ғылымының докторы, профессор Валентин Иванович Пионтовский ғалым, педагог, ғылым докторы Виталий Ильященкомен сыралғы дос, сыйлас әріптес болған. Сондықтан жақын досының естеліктерімен бөлісіп, кейбір деректерді көпшілік назарына ұсынды жөн көрдім.

Өз басым Виталий Ильичті сырттай ғана танытынмын. Кейбір мерекелік іс-шараларда кездескеніміз бар. Екеуіміздің кәсіптеріміз әртүрлі, қызығушылықтарымыз да басқа болатын. Сол себепті ҚМУ-дың ветеринария факультетінде өткен кездесу мен үшін қызықты әрі маңызды болды. Аталмыш іс-шара Виталий Ильичты еске алуға арналды. Шағын конференция түрінде болған шарада Ильященко туралы қысқаша фильм көрсетілді. Оның көзі тірісінде алған марапаттары, дипломдары көпшіліктің назарына ұсынылды. Соның ішінде «Хрестоматия дла начинающих»: «Плетение из ивы» атты еңбегін ерекше атап өтуге болады. Автор бұл кітапты жазып кеткенімен, оның жарыққа шығуына достары мен әріптестері көмектесті. Басталған істі соңына дейін жалғастыру – марқұмға қойылған ескерткішпен тең.

Шағын конференцияда Ильященко туралы жылы лебіздер айтылды. Көпшілік шын жүректен ақтарыла сөйлеп, замандас туралы ақжарма сыр, өнегелі әңгімелерімен бөлісті. Факультет басшылары еске алып отырған азаматтың адамгершілік қасиеттері мен іскерлік қырына тоқталды. Сол сәтте залда отырған көрермендердің бірі «Төбірене еске алып отырған азамат шын мәнінде қандай болды екен?» деді.

Иә, Ильященко Виталий Ильич қандай адам болды және соңына не қалдырды?

Ол Ұлы Отан соғыс басталған уақытта, 1942 жылы Талдықорған облысында теміржолшының отбасында дүниеге келген. 1959 жылы мектепті аяқтады. Мектепті

бітірген соң, Семей қаласының зооветеринария институтына оқуға түсті. Ветеринариялық факультетін үздік бағамен тамамдады. Жоғары оқу орнын В.И. Пионтовскиймен бірге бітіріп, қостанайлық ФЗВБ-ға (ғылыми-зерттеу ветеринарлық бекетіне) жолдамамен жіберілді, сонда үш жыл қызметін атқарды. 1967-68 жылдары Кеңес армиясының қатарында болды. Мәскеу әскери дуанында, музыкалық бөлімшесінде азаматтық борышын өтеген. Оның өмірдегімен таныса отырып, жан-жақты азамат болғанына көз жеткізесіз.

Жоғары оқу орнын аяқтаған соң, Мәскеу бүкілодақтық ғылыми-зерттеу ЖОО-ның ветеринарлық санитария аспиранты болды. 1972 жылы ветеринария ғылымының кандидаттық диссертациясын қорғап, Қостанай ФЗВБ-не қайта оралып, ұзақ жыл абыройлы қызмет етті. Еңбек жолын ғылыми қызметкерден бастап, паразитология зертханасының меңгерушісі, ғылыми жұмыс басшысының орынбасарына дейін көтерілді. Қызметтегі мансабы жоғарылағанымен, адамдық қасиетін жоғалтқан емес. Виталий Ильичтің ерекшелігі қызметтегі жетістіктері не болмаса кішіпейілділігінде емес, ол іскер азамат. Ол өзінің мамандығына жан-тәнімен берілген жан.

Құжаттардағы деректерге сүйенсек, В.Пионтовскийдің анықтамасында «В.И. Ильященконың ғылыми қызметінің негізгі бағыттары - мал мен құстардың архно-энтомоздық ауруларының алдын алу және күресу жолдарының талдамасын анықтау. Қазіргі уақытта ветеринарлық практикаға енгізілген «Аэрозоль-циодрин», «Аэрозоль-дифезил», «Вальфартол», «Вольфазоль» деген дәрі-дәрмектердің ғылыми талдамасы үшін бес авторлық куәлікке ие болды. Осы кісінің бастамасымен 1980 жылы Швейцария елінен «Ивомек» дәрі-дәрмегі әкелінді, аталған препарат қазіргі кезде мал мен құстардың әртүрлі паразитарлық ауруларымен күресуде қолданылады. Сол кісінің арқасында ҚСРО-да саркоптоидтық(қышыма) кенелердің түрлі жастағы электрондық микроскоптан шыққан фотосуреттері алынып, жарияланды, бұл бастама паразиттердің морфологиясы және биологиясы туралы жаңа мәліметтер білуге көмек берді. Оның зерттеулеріне көптеген шетелдік ғалымдар мен ғылыми-зерттеу орталықтары қызығушылық танытты»-деп жазылған.

Виталий Ильич күні бойы кабинетте отыратын ғалым болған емес. Ол әріптестеріне көмек беруге әзір тұратын. Сондай сәттердің бірін Сұлукөл госплемсовхозының бұрынғы бас мал дәрігері Мустафин тебірен еске алады. «Бірде қыс мезгілінде, бір отар қойда қышыма пайда болды. Совхозға келген Ильященко емдеудің ерекше тәсілін көрсетіп, осы жұмысқа өзі де білек сыбана кірісіп кетті. Сол кісінің талабы бойынша, желтоқсан айында қарапайым құралдардың көмегімен қойларды шомылдыруға шешім қабылданды. Бұл жұмыс 120-18 метрлік қоймада жүзеге асты. Бұл қалай іске асты дейсіз ғой? Себебі далада -40 градустық қақаған аяз.

Мұндай ерекше тәсілді жүзеге асыру үшін Қостанай

Аққан жұлдыз

Тағдырдың жазуымен қыршынынан ерте қиылған жандарды, налқымыз жарқ етіп сөнген құрықты жұлдызға теңейді. Өткенге көз жүгіртсек, тамырын тереңге жапқан қазақтың тарихында есімдері алтын әріппен жазылған тұлғаларымыз бар. Олар өмірден ерте кетсе де, танымалдылықтың шырқауында самғаған қыран құс, жан-жағына сәуле шашқан шам-шырақ секілді. Солардың ең бір танымалы, налқы өміріне сел-сок қарамаған та-рихи тұлға - Шоқан Уәлиханов. Отыз жыл ғұмыр кешкен жазушы, географ, ғалым, саяхатшы, ақын Шоқанның налқына сіңірген еңбегі мол. Оның бір ғана «Қашқарияға саяхат» еңбегін алып қарасаныз, болашақ ұрпаққа берері мол, өлмес сөздерден, өшпес мұралардан құралғанына көз жеткізесіз. Шоқан Уәлиханов жас болса да, өзінің жан-жақтылығымен өзге адамдардан ерекше-ленген, жұлдызды бөлек туған жан.

Шоқан туралы мазмұнды мәліметтерді оның балалық шағынан бастаған жөн секілді. Оның туған жылы, туған жері туралы жаттанды мәліметтерді айтудан аулақпыз. Өйткені, оны әрбір қазақ баласы жатқа білуі тиіс және жатқа біледі деген сенімдемез.

Шоқан туралы мың деректерді тарих қойнауының сарқыншағына айналған жазбаларға сүйене отырып, ұлаққа дәріптеу өнегелі іс. Ендеше, тарих тұңғығына, өмір шындығына бойлап отырып Шоқан шыңына саяхат жасайық. Дәлірек айтқанда бала Шоқаннан, аға Шоқанға дейін.

Шоқанның өз есімі - Мұхаммед-Ханафия екенін білеміз. Анасы Зейнеп бұл есімге тілі келмей, сәбиін «Қанаш» деп атап кетті, ал налқы «Шоқан» деп құрметтеді. Шоқанның алғырлығы, зеректігі бала кезінен-ақ байқалған. Жәңгір Бөкеев туралы «Алаша» аталатын рудан шыққан байтоқ жырау былай дейді:

Бір жасына келгенде,
Тілі шықты кәлеммен.
Екі жасқа келгенде,
Қолына қағаз алды қаламмен.

Сол айтқандай, Шоқанды да бір жасынан сөйлеп кетті деген әңгіме бар.

Шоқанның төре тұқымынан, Абылай ханның немересі екені мәлім. Төре тұқымында, баланы тілі шыққанша бесікке бөлейтін әдеті болған. Шоқанның анасы Зейнеп те сол әдетті Қанашына қалданған. Мұны біреу білсе, біреу білмес. Бұл жайында, ертеде мынадай ел арасында қызық әңгіме болған екен: бір күні Зейнеп бесіктегі «Қанашын» қонақ үйде емізіп отырады да, бала ұйықтап қалған соң, тысқа шығып кетеді. Сол аралықта үйге қонақтар келіп, меймандар «асығысыз» деген соң мал собылмай, сыр асылады. Тез піскен тамақ қонақтардың алдына келіп, табақты айнала отырған көпшілік ет жеуге кіріседі. Сонда бесіктегі Шоқан оянып, таңғышынан бір қолын шығарады да, бесіктің жабығын шетінен түріп:

— Әу, қонақтар, мен аш қалмаймын ба?— дейді.

Дауысқа жалт қараған қонақтар, бесікте бөлеулі жатқан баланы көреді.

— Рас айтпаймын, етпен маған да беріндер! — депті бала. Сонда біреулер:

— Алла, мынау не сұмдық?!— деп үрейлене бастапты. Олардың ішінде Уақырдың беделді биінің бірі Елембай да бар

екен. Ол «Керей мен Уақтың қай сорына түдің екен?»— деп, қампыған қарнынан шертіпті де:

— Жұртты жел үйренген хан тұқымы—ау, енеңнің шуынан арылмай жатып тамақ тілейсің—ау! Сураушының тілін кес!—деп еді, мә, аса!—деп аузына қазының ұлпасын тығып жібергенде, бала әуелі сорып жұтып қойған екен.

— Міне, бала Шоқан тұр-ралай қызықты деректер оның өмірде ерекше жаратылыс иесі екенін дәлелдей түседі. Бұл оқиға өмір шындығынан алынған ақиқат па, әлде аңыз ба? Бұл жағы бізге беймәлім. Бала Шоқан туралы деректер ескілікке айналса да бүгінгілер үшін құнды естелік.

Шоқанның балалық шағы қазақ үйінде, кең далада, жазық жайлауда өтті. Жастайынан әкесі Шыңғыспен жер көріп, ел танып, шұрайлы қазақ даласында емін-еркін саяхаттады. Барған жерінен бос қайтпаған бала Шоқан бір нәрсені үйреніп, санасына түіліп отырған.

Жазба деректерде Шоқанның атасы Абылай ханға ұқсағандығы айтылған. Мінезі өткір, батыл, өз айтқанынан қайтпайтын қайсарлығы да болған. Әкесі Шыңғыс өзге балаларының ішінде Шоқанды артық көріп, өзінің дәуірі жүріп тұрған кезде «осы балам орнымды басар» деп үміт артқан. Шоқанның мінезі туралы бірнеше мысал келтірсек.

Бірінші мысал: Шоқан ауылда сабақ оқыған бала емес. Сөйтіп жүріп мұсылманша қалтты кішкене күнінен танып кеткені бар. Кейін ғалым болған шақта, Шоқанның өз ау-тыңына: әкесі Шыңғыс, 1841 жылы Құрлеуіт— Қыпшақтан шыққан Жұмақұл ақынға «Едіге» жырын айтқызығанда, Шоқан сол жырдды қағазға түсірген. Сол кезде Шоқан алты жаста болған екен.

Екінші мысал: Шыңғыстың үйінен сол заманның жақсысы мен жайсаңы арылмайды екен. Олардың біразы «айыр көмей, жез таңдай» аталатын, сөзге шешен—билер. Сондықтан бастары қосыла қалса әзіл—оспақ айтқысып отырады. Есі кіргеннен бастап, Шоқан олардың да сөздерін тындауды жақсы көре бастайды. Онысын байқаған біреулер, «ат болатын тай саяққа, адам болатын бала қонаққа үйір» де-гендеу, Шыңғыстың мына тентегі, түбінде жақсы адам болып кетпегей де!» депті.

Міне, қазақтың маңдайына біткен жарық жұлдызы Шоқан Уәлиханов бала кезіне—ақ көпшілікке үйір, білімге құмар зерек жан болған.

Қазақ әдебиетінде алар орны ерекше тұлға, жазушы, ғалым, саяхатшы Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың туғанына быыл 180 жыл толып отыр. Қазақ тарихында Шоқан қалдырған мол мұра там—там болып жылылып жатыр. Мол мұраны өз ұрпағына мұра етіп қалдырған Шоқан ардағым ізденісті, талпыныс-сты жанына серік етті. Көп ізденісінің, парасаттылығы мен ақылдылығының арқасында жастайынан жетістікке жетті. Жас ұрпақ Шоқан Уәлихановты азаматтан үлгі ала отырып, оқу—білімге деген ізденістерін арттырса жақсы емес пе.

Шоқан Уәлихановтың есімі ел есінде мәңгілікке сақталарына сенімдімін. Ол қазақ налқының маңдайына біткен шам—шырағы. Шоқан Уәлиханов өзі айтқандай: «Ұзақ жасау мақсат емес адамға, ел есінде қалу үшін мәңгілік». Иә, Шоқан біз үшін мәңгілік сәнбес сәулеге айналды.

Мөлдір АМАНБАЙҚЫЗЫ,
А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дың қазақ фило-
логиясы мамандығының 3 курс студенті

Қолдаушымыз да қорғаушымыз да кәсіподақ

Біздің оқу ордамыздың «Қызметкерлер мен білім алушылар» кәсіподақ ұйымының тарихына келетін болса 1939 жылдан бастап жұмыс істеп келеді.

Студенттердің көп бөлігіне осы ұйымның жұмысын, міндетін, мақсатын білу қызықты деп ойлаймын. Сәті түсіп университетіміздің кәсіподақ ұйымының төрағасы Нұрлан Бекентаев мырзамен жолығып, ойымда жүрген көкейтесті сұрақтардың жауабын тауып, ой қорытқан болатыным.

Осы аталып өткен ұйымның алдына қойған мақсаты, міндеті, жоспары бар. Кәсіподақ ұйымының негізгі міндеті «жұмыс беруші мен қызметшілердің» арасындағы келісім-шарт жүргізу, студенттердің құқығын қорғау, әлеуметтік салаға ықпал ету және көңіл бөлу. Осы ұйым ардагер ұстаздар мен ардагер қызметкерлердің ықпалымен құрылған. Студенттерге әлеуметтік және экономикалық қолдау танытып, студенттер өз қажеттіліктерімен қамтамасыз ететін кәсіподақ ұйымы барынша қолдау көрсетуде. Студенттік өмірді бастаған әрбір азамат пен азаматшаның отбасылық жағдайына, денсаулығына байланысты мәселелер туындап жатса, әлеуметтік көмек көрсетіледі. Айта кететін болсақ жағдайы төмен отбасынан шыққан ата-анасы жоқ студенттерге, денсаулығы нашар студенттерге, көп балалы үйден шыққандарға және жаңуялы болған студенттерге жағдайлар жасалынады. Оқуды үздік оқығандарға, өнерден құралақан емес, студенттерге және спорттан биік белестерден көріне білген студенттерге университеттің арнайы шәкіртақылары мен елімізден шыққан атақты ғалым Кенжеғали Сағадиев пен Ахмет Байтұрсынов атындағы шәкіртақылар беріледі. Оқу ордамызда басқа ұлт өкілінен шыққан студент, қазақ тілінде білім алатын болса, ол студентке арнайы жеңілдіктер де бар. Кәсіподақ ұйымы білімге деген құштарлығы зор, бірақ мүмкіндігі шектеулі білім алушыларды назардан тыс қалдырып жатқан жоқ. Осы биылғы оқу жылында Оңтүстік Қазақстан облысынан келген II топтағы мүгедек 1-курс студенті өзінің дәрігерлік анықтамасы бойынша тіркеуі шектеулі тұрып кәсіп одақ ұйымынан қолдау тауып, солардың назарына болады. Айта кететін болсақ ол студентке: медициналық, әлеуметтік, материалдық, қаржылай көмектер көрсетілуде. Оқу орынымызда бір үйден 2-3 бала білім алатын болса, олар жатаханада отбасылық жаңуя ретінде бір бөлмеден орын беріп, әлеуметтік жеңілдіктер жасалынады. Нұрлан Бекентаевтың биылғы оқу жы-



лында студенттер 100% жатаханамен қамтылғанын алға тартады. Университетімізде оқу мен жұмысты бірге алып жүреміз деген студенттерге жұмыс беру «Жасыл ел құрылыс отряды» бағдарламасы бойынша жүзеге асуда. Кәмелет жасқа толған студенттерге қойылатын басты талап оқу үлгерімінің нашарлап кетпеуі және басшылық назарында болады. Ол үшін әлеуметтік жағдайының болмаса оқу ақшасын төлеу үшін жұмыс істейтіні туралы университет деканына өтініш хат жазып, жұмыспен қамтыланады. Қазіргі таңда «кәсіп одақ» ұйымы жастардың бойындағы патриоттық сезімді ояту мақсатында түрлі мәдени іс-шаралар жүргізуде. Оқу орынымызда Қазақстан ассамблеясы, Конституция, Қазақ хандығының 550 жылдықты сияқты айтулы мерекелік мәдени іс-шаралар өткізіліп жатыр. Қазақстанда көп ұлт өкілдері тұратындықтан елімізде биітшілік пен халықтың денсаулығы басты орында тұрады. Ұлтқа, ұлысқа бөлінбей, бір үйдің балаларындай бір жағадан бас шығарып, бір жеңнен қол шығарған университет студенттері, кәсіподақ ұйымымен біріге отырып өздерінің әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуде. Қазіргі таңда кәсіп одақ ұйымы университетте және де студенттер арасында маңызды рөл атқаруда. Қоғамда кәсіподақ ұйымы ерекше орын алады және оған оң баға беруге болады.

Университет құрылғаннан бастап жұмыс жасап келе жатқан кәсіподақ ұйымның 75 жылдық тарихы бар.

**Шаттық ЖОЛДИЕВ,
ГӘФ журналистика
мамандығының 1 курс студенті**

қаласынан ұшақтарды жылытуға арналған генераторлар әкелініп, үш тәулік бойы бір отар қой тоғытылды. Ильященко бұл жұмыстың басы-қасында болды. Ал қазіргі мамандар қандай? Босқа ақыл айтып, жұмыс басталмай жатып кетіп отырады. Ал бұл кісі бәрін өз қолымен жасады. Сол уақыттары біз дост қосылған дәрі-дәрмекті қолдандық. Ал қазіргілер аға буынның маңдай термен жасаған жұмыстарын білмейді.

Қазіргі қойшылар ақсаусақ болып алған. Ешкім қойларды шомылдырмайды. Ильященко қой тоғыту жұмысына өзі де кірісіп, өзгелерге үлгі болды.

Ветеринарлық дәрігер Мұстафиннің айтуы бойынша, Виталий Ильич жаңалыққа жаны құмар жан болған. «Ол маған алғаш рет кемелерді көрсетті. Бірде: «Ғажап дәрі-дәрмек түсті» - деп айтты.

- Қандай екен?

- Тірі тканьдарды жабыстыратын желім.

- Мүмкін емес. Бірақ біз зерттеу жүргіздік. Жараны желімдедік. Керемет нәтиже берді. Жаңалыққа асық тұратын азамат талдан тоқыма тоқу өнеріне де жол ашқан болатын».

Ильященко барлығына қызығушылықпен қарайтын. Әсіресе, тарихты білуге құмар болды, өлеңдерді керемет оқыды. Аз сөйлеп, көп тыңдайтын адам еді. Нағыз іскер азамат десек артық болмас. Көзі тірісінде 85-тен астам ғылыми жұмыс жазды. «Скорая ветеринарная помощь» (2005) атты монографиясын ұстаздық қызметінің үлкен жемісі деп есептеуге болатындай. Ол Одақ деңгейіндегі жоғары оқу орны Қостанай ауыл шаруашылық институтында жұмыс істеді, ал АШИ мен Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты біріккен соң, А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-да еңбек жолын жалғастырды. Осы жерде «Мал шаруашылығындағы азық-түлікті өңдеу технологиясы» кафедрасының меңгерушісі болған, кейін «Клиникалық пәндердің кафедрасын» басқарды. Бірақ ғылым туралы ұмытқан емес. Ғылыми зерттеулері бойынша 1993 жылы Санкт-Петербургтың Ветеринария институтында биология ғылымының докторы дәрежесі үшін диссертация қорғап шықты. Соның негізінде қатардағы оқытушыдан гөрі, білікті ғылыми меңгеруші ретінде танылды. Ұзақ жыл досы, әріптесі болған В.И. Пионтковский былай деген: «Клиникалық жетекшілігімен үш кандидаттық диссертация жазылды және қорғалды, студенттердің көптеген ғылыми және дипломдық жұмыстары студенттік конференцияларда жоғары бағаланды.

Ақыл-парасаты, білімі және еңбекқорлығының арқасында Виталий Ильич Ильященко студенттердің, магистранттардың, докторанттар мен оқытушылардың және университет қызметкерлерінің құрметіне ие болған. Ол біздің кафедралық мақтанышына айналды. Қиындыққа мойымайтын, шындықты жақсы көретін адам».

Ветеринария факультетінің қазіргі деканы, ветеринария ғылымының докторы, профессор Тегза Александра Алексеевнаның айтуынша, В.Ильященко оқуға деген ынта-ықыласы бар студенттерді жанына жинайтын. Мысалы, көп студенттердің арасынан Любовь Степановнаны өзінің шәкірттерінің қатарына қосты.

«Мен жоғары оқу орнына келгенде, жасым қырыққа жақындаған еді. Сонымен қоса көпбалалы анамын. Қаншама профессорларға жолықтым, бірақ барлығы

мені қабылдаған жоқ. Бірде В. Ильященко менен «Любовь Степановна, сіз менің оқушым болғыңыз келе ме?»-деп сұрады. Осылайша менің еңбек жолым басталып кетті. Көп балалы ана үшін кандидаттық диссертацияны қорғау оңай жұмыс емес. Оған қоса, В. Ильященко жұмыстың жазылуына қатаң бақылау жасады. Бір мәтіннің өзін 7, 10, 12, 14 рет оқып шығатын. Сондықтан, диссертацияны жазбас бұрын бір жыл бойы орыс тілінің стилистикасын оқып шықты. Жұбайым Питер де маған көмектесті. Диссертация жазылып біткен соң, Уфа қаласына барып, қорғадым. Сондай байқағаным, Виталий Ильичтен кейін қойылған сұрақтар өте оңай болып көрінді. Себебі оның ғылыми көзқарасы терең, айтар ойы мағыналы болатын».

Еске алу кешінде айтылған лебіздерден Ильященкоға деген құрмет байқалды. Ильященко өзгелерден қызметке адалдығы, нақтылығы сияқты қасиеттерімен ерекшеленеді. Мұндай қасиеттер еңбекқор жандарға тән. Ол өзінің кәсіби біліктілігінің арқасында кейінгі толқынға үлгі болды және үлгі бола береді де.

Оқырмандар осы айтылған өңгіменің мәдениет саласына қандай қатысы бар деп ойлауы мүмкін. Мұндай сауалдың туындауы орынды. Бірақ, өзге кәсіпті меңгерген азаматтардың еңбек жолындағы табыстары мен қызығушылықтарын баяндасақ, әбестік болмас. Оған қоса, В.И. Пионтковскийдің сөзін еске алсақ, «Ильященко жан-жақты дамыған кісі болған. Баянда, үрмелі аспаптарда керемет ойнаған Суретті тамаша салған тарихты жақсы білген».

Ильященко осындай жетістіктерімен ғана ерекшеленбейді. Ветеринария оның өмірінің бір бөлігі ғана. Оның негізгі ермегі талдан тоқыма тоқу. Тоқсаншы жылдары халықтың күнкөрісі нашарлап, табыс табу қиындап кетті. Сол кезеңде Виталий Ильич талдан тоқыма жасау өнеріне жол ашты. Талдан бұйым жасау атақты профессордың жанына жақын іс болып шықты. Ол өзінің қолөнер бұйымдарын кейбір адамдарға сыйлыққа тарту еткен. Кафедрада профессордың қолынан шыққан сыйлықтарды алмаған әйел кем де кем.

Ильященко талдан тоқу өнерінің шынайы шебері болды. Нәтижесінде 13 мың бұйым жасап шықты. Көптеген туындылары Германия, Болгария, Израиль сияқты елдерге тарап кетті. Мұның бәрі шеберханасыз, қарапайым пәтерде жасалды. Виталий Ильич талдан тоқыма тоқу үшін шыдамдылық және жас келіншектің нәзік, музыканттың шапшаң, тері илеушінің мықты қолы керек деп есептеген. Сондықтан әрбір туындыны жасауда аса мұқияттылық танытқан.

Талдан тоқыма тоқу өнері ежелден отбасылық қолөнер болып саналған. Оны меңгерген жасөспірімдер көшеде бей-берекет жүруден тиылып, жаман әдеттерден сақтанады. Уақытының көбін үйде өткізіп, пайдалы іспен айналысады. Сондықтан профессордың қызығушылығына айналған тоқыма өнерін қазіргі жастарға насихаттасақ ұтарымыз көп. Десек те, әркімнің өзінің айналысатын сүйікті ісі болады. Виталий Ильич айтқандай, өзінің қабілетін дамытпаған адам жалғыз қанатты құс секілді. Сондықтан, қарым-қабілеттеріңізді шындап, табиғат берген талантты ұштаудан қорықпаңыздар.

**Ю.Бондаренко,
А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ профессоры**

Философия – адамшылық көркі

Философия – ерекше ғылым. Оның пәрмені мен мәні, дүниеге көзқарасы мен методологиясында. Ол ұлттық шеңберде немесе белгілі бір ағым аясында тұйықталып қалмайды. Философия – қашанда адамзат табысы, баршаға ортақ рухани жеміс, әлемдік өркениеттің, рухани мәдениетінің ажырамас бөлігі. Философия – дүниеге көзқарас қалыптастыратын ғылым. Қандай да бір адам болмасын, ол дүниеде белгілі бір көзқарасыз өмір сүрмейді. Өмірді танып, білу арқылы адам белгілі қорытындыға келеді: қабылдайды, теріске шығарады, қолдайды, ұнатпайды, т.б.

Философия – адамзат дамуының қайнарынан бастау алатын ғылым. Ол біздің заманымызға дейінгі мыңжылдықтың басында дүниеге келді. Сол кезден бастап ол үнемі даму үстінде. Адам баласының ой-өрісі кеңейген сайын философия да тереңдей түсті. Философияны дінге жақын, өйткені ол дін сияқты догмаға сүйенеді дейтіндер де бар. Бірақ, ол - дін емес. Дегенмен, философия нақты фактілерге жүгінеді. Сондықтан философия басқа ғылымдар сияқты қашанда объективтік факторларға сүйенеді. Басқа ғылымдар сияқты оның заңдары мен категориялары бар. Философия – дін мен ғылым екеуінің арасындағы дәнекер дейтін көзқарас та кездеседі.

Философия ең алдымен, дүниетанымдық, теориялық, методологиялық ғылым. Философия бүкіл әлемді, оның басты салалары – табиғат, қоғам, адам санасын тұтас құбылыс ретінде алып, оның жалпы заңдылықтарын ашады, объективтік шындық

жөніндегі белгілі қағидалар жүйесін қалыптастырады. Сол мақсатқа жетуде ол басқа ғылымдар сияқты қоғам тарихында өз орны бар ғылым ретінде өмір сүреді. Философия ғылымының заңдылықтары басқа ғылымдар заңдылықтарын жоққа шығармайды. Өйткені оның заңдары басқа ғылым заңдарын бірдей қамти алатын жалпы қасиетке ие. Солармен қатар және бірге өмір сүреді. Кейбір әдебиеттерде философия бұдан 2500 жыл бұрын грек жерінде дүниеге келді делінген. Бұл – біздің заманымызға дейінгі V ғасыр шамасы. Ол – Афина демократиясының гүлденген дәуірі, философияның әбден қалыптасқан, оң-солын ажыратқан тұсы болатын. Ол кезде философияда материалистік және идеалистік, диалектикалық және антидиалектикалық бағыттардың ара жігі ашылып, әбден айқындала бастаған еді. Шыныда, философия одан әлдеқайда бұрын шығыс елдерінде дүниеге келді. Ең алғашқы дүниетанымдық пікір мифология түрінде пайда болды.

Бұл гректердің екі сөзінен құрылған: «mifos» - аңыз, «logos» - ілім. Мифологиямен бірге жазу мәдениеті пайда болды. Мифология негізінде дін дүниеге келді. Барлық діндер мифологияда кездесетін ертегі, аңыздарды пайдаланды. Ал дін ешнәрсенің себебін ашып көрсетпеді. Олар тек илануды талап етті. Әр нәрсенің себебін білгісі келгендер мұндай ұғымдарға қанағаттанбады, көңілі толмады. Олар әр нәрсенің түбіріне үңіліп, сол туралы әрқилы ой жүгіртіп, пікір айтты. Ондайларды Пифагордың сөзімен айтқанда «философ» деп



ЖАНДОС ЖҮСІПБЕК

Мойындайышы

Ғсті-басы өлең-өлең боп келген
сыр тартпаққа сыбырласаи көктеммен,
қыздің ұлы екеніңді жасырып
өмір-өгей жасап берген беттердемі.

Мсылаңқы қар сыңсытқанда жасн сырын,
теңеу сауаи тілдерінен талшының,
бой жылытып, үнсіздіктің тілінде
әуе-көктен әуен төксе әниі Қүн.

Самал үні – салқар әрі сабырлы үн
көңіліңді көктемге ме, а, құрбым!
Семесен талдың тәнін жарған бірлерден
мұң-жизасын оқып көргілі Тәңірдің!

Көк-жизектің күлкі ағытып шығы,
Дала жеңіл тыныстаса бұйығы,
Демі сүлдер қауызынан аңқиды
көктемге төккен тәтті жырыңның түйіні!

Көз құлата талсасаи да сүлді өңін,
Өзден тұрып таттасамда мүлде мін,
Көге оны сүйе аламаймын алайда?
Оны неге, ей, алдаймын?!


Қыз ұлына көктем, бәлкім, кеш ұнар
(а, кешір, а,!)
... беттердемігі шешіп а,!)
Ба-ар мұратыи – жыр ұрлау ғой!
Дүптесе
неи бар онда?
Оның менде несі бар?!

Айша

Әңкәріліктің іңдеті – жұқтырғаның!
Сене аласаң ғой, мен сені сүйдіи айша!
Мсүрегіме бейненді тұтқындадыи,
Сүйілі Айша!

Самалаға санаи да оранды айқын,
Мшолдырғандай кәудемігі нұрға Мсаббар.
Сенде менен басқа ешкіи көре аламайтын
бір газжап бар!

Ғажабыңның бұйырмаш, елі кіме,
Мсыр боп қана жасаңырсаң тек есілде...
Айша!
Көргіи келмейді сені мүлде!
Сенесің бе?



Жарқол еңгі Жылапайды

Ғркектем түн баласы түс-тармаңнан,
Бір сезіи ала қашты басын жеңіқын.
Көзінен көк аспанға құстар талған
Сағынаи Мсаркәліңді жасыи кіртік.

Көрігі өзгелерден гәрі ұстемі де,
Күшис жәл толқындары асау-ды айқын.
Көп күткен көктеммен көріскенде
Көздері аққулармен жасаурайтын.

Көзінен күс үзгенде көңілішегіи,
Мәлдіреп естілетін аққу үні.
Зейіні қалыстарға бөлүші егіи,
Мсылаудың үні ме деп тәтті үлі.

Бұрмадыи басын бған атыи әлі...
Көз іссем (көп сағыныш қылаасын ба?) –
Боз дала бозбаласын шақырады,
Боздатып боз сағымын қыр басында.

Антығаи, бұйырардай таңғәрі емес,
Көңілге көрсеткіи көп аңсағанын.
Алайда жақсы білемі барсаи өле,
Алдынан соқыр дала қарсы аларын!.

Тұған жер...
Тақтіетті қарт ол кейде
төскейі тақсиретпен түң боп қалған.
Мсүректе мөлт-мөлт еткен
Мсаркәл-бейне
тіліме түн баласы жыр боп талған...

Бар болғаны – бар болсаң болды өмірде,
"Арман", дейтін айналып жұрбаныңда!
Мсүрегілде жүрерсің сол көбінде,
тыи алыста
болсаң да...



Толқынды толқын қуады

Университетіміздің түлектері, республикалық және облыстық байқаулардың жеңімпаздары, жас ақындар Жандос Жүсіпбеков пен Қасқырбай Қойшымановтың қатысуымен «Толқынды толқын қуады» атты ақындар диалогы өтті. Іс-шараны Л.Толстой атындағы Қостанай облыстық кітапханасы ұйымдастырған болатын.

Осы кеште екі ақын өздерінің өлеңдерін оқып, оқырмандардың сұрақтарына жауап берді. Жас ақындардың жыр жолдарын назарларыңызға ұсынуды жөн көрдік.

ҚАСҚЫРБАЙ ҚОЙШЫМАНОВ

Түңнің әні


Міскін кейін...
Жол үзгелі өзіннен,
Мына ғалам манаураңқы сезілген.
Өзүреген...
өректіген інкәрлік
менен безінген...

Жағаламай түн үзік-үзік сырларды,
түшиаланған кеудемде әлі иің барды.
Мазасызда...
магнитборон бастады
түңеу-күнәі әнді.

Қайырмасы кетер емес жадынан,
Зарлы әуеннің зі көрмесін жауығынан.
Жүзге, менің жағдайымыз түсінсең
сені сағынамы.

Сезілгендерді жүрегіме бір сұғып,
түңнің әні түла бойда түңшығып.
Сиды шырлап
қақпас өлең бітпегі...
тағы... қырсығып.

...Тәмамдалды-ау шумақтары түңектің,
басылды ма алабыртқан бұл екпін?
Қараңғы-өлең бітер шақта... басталды
зары жүректің...



Құту

Уақыттың жылажи берер жылағалары,
Дірілдеп ой-толқындар зыр қағады.
Құрсініс тақиясын киіп алып
Аспанның ашылмай ақ түр қабағы.

Құтудың осындайда жастар лаңы,
Ойларын шақырып ап «сатардағы»
Аялдама қасында түр жегітің
Қүзетшіі жауынгердей қатардағы.

Оңаша қиялдауға жаны құштар,
Ауыртып аңғал басты жаңылыстар.
Құттіріп тұрсың оны, бесін болды
Сабылтып бара жатыр сағыныштар.

Сурайсың ба мұңлы әуен? Сына күшің!
Сағындырып қойғанша жыла демі.
Жауарлама жазбақшы «Сау болғын» деп
Қарысуда телефон клавиші...



Өзрас


Жынжылыс...
Шылықай қарадан ақ бөлелін деп.
Түнжырау,
Шыбыртқы таралыс сапты өрелін деп.

Түңеуің,
Тереңдерден ой аламын деп
Өзгерек
өлеңдерге зер саламын деп.

Асығып
Аралықтарды жақындатамын деп
Асықпай
Қаралықтарды ақылға апарам деп.

Таттаурын
Тақырыптарды өзгертпеймін деп
«Мақтаулы
мақұлықтарды» бірге ертелеймін деп

Не істеп жүрмін?



дылық болып табылған.
Қазақтың болмысына ерекше әсер еткен тұлға - М.Әуезов. Ол ХХ ғасыр басында қазақ халқының келешегі үшін мынандай мәдени философиялық концепциялар ұсынды: «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген. Бесік түзеу - ұрпақтың рухани сабақтастығын жоғалтпау, төл өркениетін сақтау. Ұлттың болашағына үлгі жасаған қазақ перзентінің бірі М.Әуезов «Философия жөйінен» деген атпен «Абай»журалына 1918 жылғы №3 санына мақала жариялаған. М.Әуезов өз ойында «философия деген- адам баласының жан тәрбиесі және адамшылықтың көркі»-деді. Шындығында бұл көзқараспен келісуге болады, құптарлық ой.


Адамшылық көркі - парыз бен қарызды түсіну. М.Әуезов мақаласында дін мен философия байланысы және айырмашылықтары туралы терең ой білдірген. М.Әуезов «Философияны дінмен астас ғылым» деді. ХХ ғасырдың басында да, ғасыр соңында да осылай болған. Философия мен дін бір емшек емген апалы-сіңілілер деген ұғымды А.Швейцер де айтқан. Келіспес едім апалы-сіңілілерден туғандар бөле, бөлелерден қарын бөле туады, әрі қарай не болмақ, кім тұмақ? Түсініксіз философияны логикамен шектегендей.

Философия абстрактілі нәрсе. Мен дін мен философияны Адам ата мен Хауа ана тәрізді дер едім, бірін бірінен айыруға болмайды. Бірін Сібірге(ит жеккенге), екіншісін АЛЖ ИР түрмесіне отырғызсақ онда-трагедия.Дін мен Философия жарыспалы жаңғырық. Қорыта келгенде философия ақылға сүйенеді, ақылды нұрландыратын парыз - ол ғылым. Ал дін болса ақылға ақыл беретін, жүрек туралы, біліп болмайтын, ақылмен танып болмайтын тылсым дүние туралы сенім ілімі.

Оралбай ҚАБУЛ,
1 курс докторанты,
Астана қаласы

атады. Бұл гректердің ертедегі екі сөзінен құралған ұғым (philo – сүйемін, sophia – даналық, екеуі қосылып «философия» деген сөзді туғызды). Арабтар бұл сөзді тіліне жеңілдетіп «фәлсафа» деп атаған. Бірақ қазірде «философия» деген сөз бұл ұғым шеңберімен шектелмейді. Ол – сонымен бірге дүниетаным, өмірлік позиция, іс-әрекет.

Философия дүниеге келген кезінен бастап мифология негізінде қалыптасқан дінмен қатар және онымен күресте шыңдалып, дамыған. «Философия» деген грекше түсінік, оның негізінде «софия» - даналық деген жатыр. Даналықты білім пәніне айналдыра зерттеу философия үлесіндегі іс. Даналық бар жерде философиялық мәдениет, ойлаудың еркін мүмкіндігі бар. Қазақ елінде байлыққа, билікке жетуден гөрі, адамшылық ар-намысты жоғары ұстау - халықтың қанына терең сіңген құн



Қазақ тарихынан

Елдес Омарұлы

Орыс тілінде жазылған тарих кітаптарының айтуынша, ірі рудан бөлініп шығып, одақтасқан елге бұрын түрік халқы «қазақ» деп ат қояды екен. Тарихшылардың жоруынша, қазақ Шыңғыс ханның елінен бөлініп шыққан. Қазақтың өз алдына ел болуы XV-нші ғасырдың аяғынан ғана басталады.

Бұрын осы күнгі қазақтың бірсыпыра рулары, мәселен керей, қыпшақ, найман, қаңлы Шыңғыс ханнан мың жылдан бұрын, Исаның да ары жағында, басқа түркі халықтарымен қатар ел болып жүргенін тарихшылардың бәрі де дұрыстайды. Мұның үстіне қазақтың қаңлы, керей, қыпшақ, тама секілді ескі рулары мен аттас рулар қазақтан басқа халықтарының ішінде көп. Анатолиядағы осман түріктерінде де толып жатқан қаңлы, қыпшақ, тамалар бар. Бұл рулар қазақпен көрші башқұрт, өзбек ішінде де аз емес. Қазақтың ескі руларымен аттас рулар мадияр (Венгрия) ішінде көп.

Ескі заманда түрік халқының бәрі де осы күнгі қазақ секілді, мал баққан көшпелі ел болған. Бұлардың ол кезде көшіп-қонып жүрген жерлері Сібірдің оңтүстігі, Алтай-Саян таулары, Орта Азияның көп жері. Осы күнгі қазақ даласы, Еуропаның күншығысы екен. Ол замандағы түрік халқының күн көрген кәсібінің көбі – мал өсіру болған соң, бұлар сол мал шаруасына бола бір жерде бекініп тұрақтай алмай, жерінің бір шетінен бір шетіне шығып, көшіп жүретін болған. Мұның үстіне бұлардың күншығысында күнбатысқа, теріс тұсында оңтүстікке қонысын аударып, көше беруіне өздерінің аса жауынгер болуы да зор себеп болған. Ескі тарихшылардың айтуынша, түрік жігіттерінің қан төгіп, соғысуға құмарлығы осы күнгі жұмыстан қолы бос мырзалардың ұтыс ойын, асық, түрлі сауыққа әуестігінен кем болмаған. Ол заманда түріктердің көшіп жүріп араласпаған да елі болмаған, соғыспаған да елі болмаған. Сондықтан ол заманда түрікті білмейтін де ел болмаған.

Тілі басқа, діні басқа, әдет-ғұрпы, тұрмысы өзгеше бір ел – татулық қалыппен болсын, дұшпандықпен болсын, басқа бір елмен қатынасқанда, бұл екі ел біріне-бірі әрқайсысы өзінше ат қояды. Бұлар бір елге, екінші елге қойған аты көбіне олардың әрқайсысының өз тілімен өзіне қойған аттан басқа болып шығады. Біздің қазақты басқа елдер «қазақ» деп атаған. Түркістандағы тәжіктерге көрші елдер «сарт» деп ат қойған. Бұрынғы түріктер қонысын аударып көшіп жүріп, бұрын білмейтін елдердің үстіне, төбеден түскендей, кенет келіп қалып жүрген. Сондықтан түріктерге әр ел өзінше ат қойған, әр елдің тарихшылары түрік халқын өзінше атап жазды. Исадан 700 жыл бұрын Алтай, Саян тауларын жайлаған түріктерді «аристей», «аримаспы» деп атаған. Сол кезден Қытай жазушылары бұларға «жүн», «тән-жүн», «дон-жүн» деп ат қойған. Арабтар көп уақытқа шейін түрік халқын «жәжүз-мажүз» деп атап жүрген. Еуропа елі Атиллаға еріп барған



түріктерді «гун» деп атаған. Шыңғыс ханға қараған не бар могол түріктің бәріне де «татар» деген.

XV ғасырдың әр жағында қазақ деген ел болған, болмағанын жору үшін бұл айтылғандардан басқа дерек жоқ. Бұлардың алғашқы екеуі, қазақтың қаңлы, қыпшақ, найман һәр басқа бірсыпыра рулары ескі түріктердің ішінде осы күнгі аттарымен аталып, һәм қайсысы өз алдына бөлек ел болған және бұл рулардың, осы кезде қазақтан басқа түріктердің де ішінде бар екенін, бірімен-бірін салыстырып тексерсек: XV ғасырдың ар жағында «қазақ» деген халық болмаған, ол заманда қазақтың басқа түріктерден шегіашылмай, бұл кездегі қазақ, башқұрт, өзбек, ноғай, осман түркі, жәһұт һәм басқа түрік халықтары, бәрі бір түрік болып жүрген. Бері келген соң әр жердегі түріктер бірінен-бірі басқаланып, бірсыпырасын ноғай атаған, бірсыпырасы селжүк болып, бірсыпырасы қазақ болып бөлінген. Түріктер бұлай түрлі ұлттар айырылып шыққанда, түріктің ескі рулары қаңлы, қыпшақ, керейлер әрқайсысы өз алдына тұтас бір ру

Қобыз сарыны

Әр қазақтық төрінде қара домбырасы ілулі тұрады. Домбыраны тартып қана қоймай, оның шығу тарихын әңгімелеп бере алатын адамдар да жеткілікті. Ал, қобыз аспабы туралы көпшілігіміз біле бермейміз. Сондықтан, ғасырлар бойы құндылығын жоймаған, үні бөлек қобыз аспабы туралы жазуды жөн көрдім.

Қазақ күйлері, негізінен қобыз, домбыра, сыбызғы, жетіген, сазсырнай, шаңқобыз сияқты аспаптарда орындалады. Тарихи деректерге қарағанда, осы аталған музыкалық аспаптардың ең байырғысы қобыз аспабы екен. Бұған археологиялық қазба жұмыстары мен жазбаша деректер дәлел. «Қобыз» атауының Еуразия қос құрылығын мекен еткен халықтардың көбінде кездесетіні осы деректерге сай белгілі болып отыр.

Орта Азиядағы түркі тілдес халықтардың, соның ішінде қазақ халқының орта ғасырдағы музыкалық мәдениеті сөз болғанда, ең алдымен сол заманнан бүгінгі күнге дейін жеткен музыкалық мұралары нақтылы айғақ-дерек ретінде айрықша назар аударады. Бұл ретте, ісі түркі халықтарына батагөй дана, ақылгөй абыз, дәулескер қобызшы ретінде танылған Қорқыт атаның (8-9ғғ) күңірене шалқыған күйлерін сақтап қалған бірден – бір халық қазақтар екенін айрықша атап өткен жөн. Қорқыт күйлерінің тек қазақ арасында сақталып қалуының өзіндік тарихи себептері бар. Біріншіден, Қорқыт шыққан оғыздардың кіндік жұрты Қазақ даласы еді. Екіншіден, XIX-XX ғасырларға дейін бұрынғы Тәңірлік наным-сенім үстем болып, «Тәңірдің жердегі өкілі» деп есептелген бақсылардың ел ішіндегі беделі елеулі болды. Ал, бақсыны Тәңірмен тілдестіретін аспабы – қобыз деп саналды. Қорқыттан кейін он ғасырдан соң тек бақсылық түрде пайдаланған қобызды Ықылас күйші қайта түлетіп, үніне ұн қосып, заманауи жырларды дүниеге әкелді.

Қазақтың көп салалы, күрделі күйшілік өнерінде әр аспаптың тек өзіне ғана тән ерекшелігі бар. Ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып, жалғасын тауып жатқан қобыз өнері – саз-сарыны, аңыз-әңгімесі, дыбыс шығару әдістері жағынан өзге аспаптардан дараланып тұрады.

Қобыз қарапайым аспап болып көрінгенімен, оның жасауға және ысқылап ойнаудағы әдісіне ерекше мән береледі. Қобыздың «құлағы», «мойыны», «белі», «шанағы», «бүйірі», «ішегі», «тиегі» деген атаулар бар. Ал, шалып тартатын бөлігі ел ішінде «қияқ», «садақша», «ысқыш» деп әртүрлі аталады. Соңғы жылдары қобызды «нарқобыз», «қылқобыз», «жезқобыз» деп үш түрге бөліп, оның ішінде «бас», «альт», «контрабас» тобына бөліп ансамбльдің, оркестрдің сүйемелдеуінде қолданады. Қазақтың дәстүрлі ұғымында «нарқобыз», «қылқобыз», «жезқобыз» атаулары «ара қобыз», «бүйірлі қобыз», «айналы қобыз», «сылдырмақты қобыз» деген сияқты, қобыздың бітіміне, әшекейіне орай айтылған.

Өнер жолындағы кәсіби музыкалық білімі бар ұстаздардың көпшілігіне қазақтың дәстүрлі музыкалы аспаптары туралы мәліметтер бар екені белгілі. Бірақ, қобыз аспабына ескелен ұрпақты қызықтырып, кәсіби деңгейде оқытатын қазақ тілінде жазылған әдістеме мен әдіснама тапшы. Жалпы, әдістеме және әдіснама деген ұғымдар нені білдіреді? Әдістеме ұғымы әдіс (метод) сөзінен туындайды. Былайша айтқанда, белгілі бір мақсатқа жету үшін қолданылатын практикалық немесе теориялық тәсілдер мен әрекеттердің жиынтығын әдістеме (методика) дейді. Әдіс пен теорияның арақатынасы іс-тәжірибе арқылы сараланады. Сондықтан да, әдіс атаулы ілгерідегі зерттеудің, теориялық нәтижесі ретінде қабылданса, әдістеме алдағы зерттеулердің бастауы болып отырады. Әдіснама (методология) дегеніміз, жинақталған тәжірибе мен әдіс қоры туралы ілім болып шығады. Былайша айтқанда, әдіснама дегеніміз, практикалық және теориялық қызметтерді реттеуге мүмкіндік тудыратын, сондай-ақ, ұстанымдар мен тәсілдері анықтап беретін жүйе, сол жүйе туралы ілім.

Музыкалық этнографияға қатысты әдістемелік те, әдіснамалық та ұстанымдар өзекті-өзекті үш мәселе төңірегінен өрбіп отыруға тиіс.

Бірінші, нені сөз ету керек немесе нені зерттеу керек? Бұл мәселеде, зерттеу нысанасында қамтылатын тақырыптардың шекарасы айқындалады. Яғни, қазақтың дәстүрлі музыкалық мәдениеті және оның этнографиялық сипаттары, музыкалық мұраны туындатушылар және бұл мәселелердің әлеуметтік-этикалық тарих аясында көрініс табуы тақырыптың шек-шекарасын пайымдатады.

Екінші, не үшін зерттеу керек, яғни еңбектің қажеттілігі мен мақсаты қандай? Бұл мәселеде, қазақтың рухани мәдениетінде музыканың алар орны және музыкалық мұраның қадір-қасиеті, эстетикалық ерісі айтылуы тиіс.


Үшінші, қалай зерттеу керек, яғни қандай ғылыми ұстанымдарға сүйенген жөн? Бұл мәселеде, әрине, зерттеудің әдіс-тәсілдері пайымдалуы керек. Осы үш мәселенің алғашқы екеуі әдіснамалық проблемалар болса, соңғысы әдістемелік проблема болып есептеледі.

Музыка мұғалімінің педагогикалық шеберлігінің негізі – ең алдымен, олардың кәсіби, ғылыми, тарихи тұжырымдама жасау әдістемесін бойларына сіңіруіне байланысты деп ойлаймын.

Халықтың аспапты музыкалық мұрасы бір ғана тәсілдік, стильдік тұрғыда анықталып қою мүлде жеткіліксіз. Сонымен бірге тарихи-танымдық өреде де саралануға тиіс. Түптеп келгенде, бұл мәселе қазақтың ұлттық аспаптық музыкасының тарихын парықтау барысында ұстанатын ең өзекті талғам-талаптың бірі деп тұжырымдаймын.

Алмагүл ТОҚМАҒАМБЕТОВА,
Қостанай қаласындағы №1 балалар
музыкалық мектебінің қобыз аспабының
мұғалімі

Еңбек етсең, еленерсің



дәретхана қағазын шығаратын шағын цех ашты. Жиырма алты жастағы кәсіпкер өзінің бизнес-жобасын жүзеге асыру үшін «Шағын қалаларды дамыту» бағдарламасы бойынша грант алуға өтініш жазды. Комиссия мүшелері жас кәсіпкердің бастамасына оң бағасын береді. Осылайша, Санжар екі миллион теңге көлемінде грант ұтып алады. Әрі қарай өндіріске қажетті құрал-жабдықтарды іздеп, керекті құрылғын интернеттің көмегімен Қытайдан табуып алады. Ғимаратты жалға алуға жергілікті «Шаруашылық – А» ЖШС көмек берген. Санжар тәуекелге бел байлап, нық сеніммен

Арқалық - облыс орталығының өндірістік бөлігінде орналасқан Қала Қостанай қаласынан 600 шақырым қашықтықта Жатыр. Соңғы жылдары шағындағы шаһардың төрлігесі төзеді, дағдығы дағдығы Қолына төзеді. Седді өңдеу өнеркәсібі саласында иі да-етаналар баршылық. Мәселен «Арқалық» елуда делісіндегі тауыс Жұмыртқасы Қостанайдың кез кез келген дөкенінде сатылуда. Жұмырда отандық өнімнің қатарына тағы да жаңа тауар түрі қосылды. Яғни, Арқалықта жасалған дәретхана қағазы елуде шыға бастады.

Ішкі сауда айналымында отандық өнімнің пайда болғаны қуантарлық жағдай. Бұл дегеніміз шетелден келетін импорттық тауарларға тоқтау салады. Тек қана отандық таураларды тұтынып, экспортты арттырсақ ел экономикамыз да қарқын алады. Осы ойды жүзеге асыру үшін республикада шағын және орта бизнеске қолдау күшеюде. Кәсіпкерлік саласын насихаттау мақсатында «Қазақстанда жасалған» акциясы басталды. Жалпыреспубликалық қолдауға ие болған аталмыш акция біздің аймағымызда өзіндік ерекшелігімен жалғасуда. Өңірдегі ірі сауда орталықтарының сөрелерінде «Қостанайда жасалған» деген жазулар пайда болды.

Сонымен қатар, «Нұр Отан» партиясы «Мықты бизнес-қуатты мемлекет» жобасы да жүзеге асуда. Партиялықтар аталған жоба аясында Қостанай облысының ауыл-аймағын аралап, кәсіпкерлерге арналған семинар-тренингтер ұйымдастырды. Халыққа кәсіп ашу туралы ақпарат берді. Нәтижесінде, тұрғындар тыңнан түрен салып, жаңа бизнес бастауға мүмкіндік алды. Солардың бірі-арқалықтық Санжар Шубай. Жас кәсіпкер биылғы мамыр айының соңында

бизнесін бастап кетті. Шағын цех Арқалық қаласының маңындағы Родина ауылында орналасқа. Онда Санжардың өзі және екі оператор жұмыс істейді.

- Ең алдымен бизнес-жоспарды қалай құру керектігін үйрендім. Дайындаған жобам билік тарапынан қолдауға ие болғанын білгенімді қатты қуандым. Қазір бастаған істі одан әрі дамытуға күш салып жатырмын. Цехтың жұмысы түнгі мезгілде қыза түседі. Себебі, түнде электр энергиясының шығына аз кетеді -, деді Санжар Шубай.

«Арқалықтық» деп аталатын дәретхана қағазы бүгінде жергілікті сауда орындарында сатылып жатыр. Қолынан іс келетін еңбекқор жастардың басын қосып, жеке кәсібін ашқан Санжар бизнесін одан әрі дамытуды ойлайды. Еңбегінің арқасында өлеңген жастың ойға алған жоспары орындаларына сенімдіміз. Ең бастысы, ол көп ішінен суырылып шығып, туған өлкесінің экономикасын дамытуға бел бұды. «Тәуекел түбі жел қайық, өтесің де шығасың» деген осы шығар.

Қымбат ДОСЖАНОВА
Суретте: жас кәсіпкер Санжар Шубай жұбайымен бірге



Ер есімі - ел есінде

болып, айырылып шықпай, қонысына қарай жамырап бөлінген. Қазақ даласында қалған қыпшақтар қазақ болған, башқұрт жеріндегі қыпшақтар башқұрт болған, өзбек жеріндегі қыпшақтар өзбек болған. Қаңлының бірсыпырасы қазақ, бірсыпырасы осман түркі, бірсыпырасы башқұрт болған деп жоруымыз керек. Түріктің өз тілінде ескі заманынан бері жазылып келе жатқан тарих жөке, түрік тарихы басқа халықтардың жазып кеткен кітаптарынан ғана құралып, жазылып жүр. Басқа халықтар түріктерді әрқайсысы өзінше атаған. Басқа халықтардың ескі түрік халқы тақырыпты жазған кітаптарында «қазақ» деген халықтың айтылмауы, ол кездегі қазақ халқын «қазақ» демей, өзінше бірдеме деп атауы мүмкін деп жорысақ, XV ғасырдан да бұрын қазақ халқы өз алдына ел болып, қазақ атанып жүрген болар деуге сияды. Бірақ бұл екі пікірдің дәлелдерін салыстырғанда алғашқы пікірдің дәлелдері салмақтырақ болса керек.

Бұлай қазақ халқы Шыңғыс ханнан кейін, XV ғасырдан бастап қана қазақ атанып, өз алдына ел болған деп сенсек, қазақ тарихын жазушы сол XV ғасырдан бастап жазуы керек. Бірақ бұл күнде «қазақ» атанып жүрген ел XV ғасырдың ар жағындағы мүлде жоқ емес, тек басқа түріктерден шегі ашылмай, солармен бірдей түрік болып жүрген. Сондықтан қазақ тарихын жазғанда, қазақтың бабасы ескі түрік туралы ештеме айтпай кетуге болмайды.

Ескі тарихтарда түркі халқы Исадан бұрын VIII ғасырларда Алтай, Саян тауларының арасында, Шынсы, Ғансу деген, бұл күнде Қытайға қарайтын жерлерде көшіп жүретін ел дейді. Қытай тарихшылары бұл түріктерді «жүн» деп атаған. Бұл жүндер көп уақыт Қытайға шабуыл жасап, дамыл бермеген. Түріктің шапқынынан қатылу үшін Қытайдың «Шың-Шиһуанғыты» деген патшасы жерінің түрік жақ шегіне ұзындығы 3500 шақырым тас қорған салдырған. Бұл қорғанды салдырғанда түрікке қарсы 500000 мың кісілік әскер күзетте тұрып, 4 миллиондай адам қызмет қылған. Бірақ Қытай түрікті бұл қорғанмен де тоқтата алмады. Қорған салынып болғаннан кейін, үш жылдан соң, Исадан 210 жыл бұрын түрік әскері қорғанды бұзып, Қытайды жаңадан шапқан. Бұл дәуір (Исадан бұрын III ғасыр) қытайша «Һүн» аталған. Ескі түріктердің өз алдына бөлек бірзор патшалық болған дәуірі. Қытай жазушылары ескі түріктің түрлі руларын Һүн (ғұн) патшалығын жасаған. Ең алғашқы Һүн ханы (патшасы) «Мәті» хан дейді. Мәті ханның билеген түріктері Қытай тарихшыларының айтуынша, «тұды» (оғыз), «қазақ», «юешши», «ұсын», «қырғыз», «ұйғыр» деген руларға бөлінген. Мәті хан Һүн (ғұн) патшалығына негізгі заңдар (патшалық құрылысы, конституция) шығарған. Мәтінің заңдары бойынша, патшалық 24 бөлімге (губерния есебінде) бөлінген. Әр бөлімді басқаратын «уаңқы»дейтін әкімдер қойылған. Әр уаңқының қарамағында мың үйді билейтін «мыңбасылары», жүз үйді билейтін «жүзбасылары» болған. Мәтінің бұл заңдары Мәтіден көп уақытқа шейін түрлі түрік патшалықтарында қалмай қолданылып жүрді. Әбілғазы ханның шежіресінде әр түріктердің ескі ертегілерінде айтылатын «Оғыз хан, тарихшылардың жоруынша, осы Мәті болуға

тиіс. Өйткені қытай тарихшыларының Мәті хан турасында жазған әңгімелері түгелімен ертегілерде айтылатын Оғызға дәл келеді.

Мәтінің баласы Лаушеншуй, немересі Гуншеннің заманында Һүн патшалығы бұрынғысынан да зорайып, түріктің бұрын бағынған басқа руларын да тегісіне қаратып алған. Һүн патшалығына бағынғысы келмей, соғыс ашқан бірсыпыра рулар Һүн әскерінің тізесіне шыдай алмай, бұрынғы қоңысынан босып шығып кеткен. Бұлай жерінен айырылып, босып кеткен рулардың бірі – юешши. Бұлар Исадан бұрын 160-ншы жылдарда, Лаушеншуйдің заманында қонысынан айырылып, Алакөл еліне, басты осы күнгі даласына келіп орналасқан. Сол уақыттан бастап қазақ даласы ғұндардан қашып шыққан басқа түрік руларының қонысы болған юешшилердің артынша, солардың ізімен қазақ даласына үйсіндер келген. Сөйтіп, бірте-бірте қазақ даласына түрлі түрік рулары жиыла берген.

Мәтінің заманында ғұн патшасы Қытайды шауып, қытай патшасы Мәтіге алым төлейтін болып еді. Мәтіден кейін Лаушеншуй, Гуншендердің заманында Қытай ғұндардан қорғалып, тыпыр ете алмайтын еді. Мұнан кейін Исадан бұрын 120-ншы жылдарда Қытай жаңадан басын көтеріп, ғұндардың, Тарым бойындағы жерін тартып алып, ғұн патшалығын екі бөліп жіберді. Мұнан кейін ғұндар өзара жанжалдасып, бұрынғы ғұн патшалығы бірте-бірте кішірейе береді. Ғұннан бөлініп шыққан түріктер қазақ даласына жиыла береді. Ақырында қазақ даласында күнбатыс ғұны аталған екінші түрік патшалығы құрылады. Бұл күнбатыстағы ғұн патшалығы зорая-зорая, Исадан соң IV ғасырда Атилла деген ханның заманында Еуропаға аттанып, сол кездегі Еуропа елін талқан қылған.

Күнбатыс ғұнмен қатар қазақ даласында жиылған түріктерден юешши хәм қаңлы патшалықтары болған. Юешшилер қазақ даласынан оң тұсқа қарай жылжып (Исадан бұрын I ғасыр), Ауғанды шауып алған. Онан кейін, Исадан 10 жылдай бұрын Үндістанның да бірсыпыра жерін өзіне қаратқан. Юешшилер Исадан кейін VI ғасырға шейін зор патшалық болып тұрды. Ол кезде юешшилерге қараған жер күншығыс Түркістан, оңтүстік Түркістан, Бактрия, Соғдиян, теріс тұстағы шеп Самарқанд еді.

Қаңлы Мәтіден көп ұзамай-ақ (Исадан бұрын II ғасырда) осы күнгі қазақ даласында өз алдына патшалық болған. Қаңлы патшалығы зорая келе Еуропаның күншығысында, Орал тауындағы елдерге де өмірін жүргізген. Ол жердегі фин нәсілі «ян», «янытсай» деген халықтар қаңлыға алым төлеп тұрған. Қаңлының ықпалы ол заманда өте күшейіп тұрған Қытайға да жүрген. Тарихшылар қаңлыға келген қытай елшілерін қаңлылар менсінбей, «үйсін» елшілерінен төмен отырғызғандарын жазады (Исадан бұрын 20 жылдар шамасы). Қаңлы Исадан соң VI ғасырға шейін осылай аса ірі патшалық болып тұрған.

Бұл юешши, қаңлы патшалықтарымен қатар, Орта Азияда басқа түрік патшалықтары да болған. Мәселен, Тянь-Шань тауына шейін жазылған үйсін патшалығы болған. Үйсіндер тарихшылардың жоруынша, қазақтың үйсін болуға тиіс.

Ескі түріктердің ғұндардан кейін, сол ғұн патшалығындай, дұрысында онан да артық зор

патшалық болғаны - оғыздар. Бұларды қытай жазушылары «токио» депті. Бұл «р» –ға тілі келмейтін қытайлардың «түрік» дегені. Оғыздар әуелі ғұн патшалығына бағынып, Алттай тауының оңтүстік етегінде көшіп-қонып жүретін еді. Күншығыс ғұн патшалығы бітіп, күнбатыстағы ғұндар Еуропаға ауып кеткен соң, бұлар 500 жылдап сайны, жужан деген елдерге бағынып тұрды. Исадан кейін VI ғасырда оғыздар жужан патшалығына қарсы көтеріліп, оларды жеңіп, әкімшілікті өз қолдарына алды. 560-ншы жылдарда Кегене ханның заманында оғыздарға қараған жердің күншығыс шеп Ұлы мұхит, күнбатыс осы күнгі қазақ даласы, оңтүстік шегі шама, теріс тұсы «теріс түстік теңіз» (мұны бірсыпыра тарихшылар Байкал теңізі болар деп жориды) болған. Жоғарыда айтылған юешши, қаңлы осыны нәм басқа өз алдына патшалық болып жүрген түркі рулары ол кезде оғыздарға бағынған. Қытай патшалығы оғыздарға алым төлеп тұрған. Оғыз хандары Ром патшалығымен қатынасып, біріне-бірі елші жіберіп, сауда жүргізіп тұрған.

VII ғасырдың басында бұл оғыз патшалығы күншығыс оғыз, күнбатыс оғыз болып екіге бөлінді. Күншығыс оғыздардың ханы «хан» атанып, күнбатыс оғыз бөлек патшалық болғанымен, соған бағынып тұратын болды. Күншығыс оғыз 630-ншы жылы Қытаймен соғысып, жеңіліп, бірнеше уақ хандықтарға бөлініп, біраз уақыт Қытайға бағынып тұрды. 681-нші жылы не бар күншығыс оғыздары Елтерис ханға еріп, Қытайға қарсы көтеріліп, оның құлдығынан құтылып, Қытайдан зор патшалық болды. Күншығыс оғыз, әсіресе, Мошо, Күлтегін хандардың заманында өте зорайып, көрші елдерге ықпалын жүргізіп, айтқанын істеткен.

Күншығыс оғыздардың ол кезде саяси ісіне ілгері басып кетуіне себепші болған, сол кездегі хандардың бас уәзірі Тонькөк. Мұның істеген істері екі тас бағанның бетіне жазылған. Қазақ тарихын жазып жүрген Шовлушенков Тонькөкті «түріктің Бисмаркі» дейді.

Исадан кейін VIII ғасырда оғыздар ішінен бөлініп, сонан кейін бұрынғыдай дәуірлей алмай бұлардың ішінен бұзылып, нашарлауына соқты, жаулары да күшейіп, 745-нші жылы күншығыс оғызды қытай мен ұйғырлар қосылыпжаулап алды. Күнбатыс оғыз Қытаймен соғысып жатқанда, екінші жағынан арабтар келіп, VIII ғасырда бұлар да бітті.

Оғыздан кейін Түркістан мен Иранның көп жерін араб алып, Орта Азиядағы түрік патшалықтарына да көп уақыт арабтардың ықпалы жүріп тұрды. Ол кезде түрік халықтарының өз алдына ел болғандары: қырғыз, ұйғыр, тағыз оғыздар. Бірақ бұлар бұрынғы оғыздардай болып дәуірлей алған жоқ. Көп уақыт бұлардан арабтар үстем болып келді. X ғасырдың ішінде тоғыз оғыздар күшейіп, онан кейін селжұқ түркі шығып, аз уақыт араб үстемдігін басып, Орта Азиядағы мұсылман патшалықтарына өздері мұсылман дініне кірген тоғыз оғыздар, оның артынан селжұқтар дегенін істеп тұрды. XII-нші ғасырдың ішінде күншығыстан қарақытайлар келіп, бұлардан соң Хорезм жұрты күшейіп, мұнан кейін Шыңғыс хан дәуіріне шейін түріктер бұрынғысындай елдерден қала алған жоқ.

Шыңғыс хан - шын аты Темучин, моғол халқының Бұршігін руының ханы, Есугей батырдың баласы еді. Бұрын Есугейге қараған басқа елдер, Есугей өлген

соң (әкесі өлгенде Темучин 13 жаста екен) Темучинге бағынбай, әрқайсысы өз бетімен кеткен. Темучин алғашқы кезде шешесіне еріп, соңынан өз бетімен сол бөлініп кеткен елдермен жауласып, бірінен соң бірін өзіне бағындырып, маңайдағы моғол-түрік руларын жиып, бір патшалық жасап, 27 жасында 1189-ншы жылы моғол-түріктің ханы атанды. Мұнан кейін Темучин көрші рулармен соғысын үдетіп, небір моғол-түрік руларын тегіс өзіне қаратты. 1206-ншы жылы Темучиннің жиған құрылтайына келген кісілер 46 ру елдің өкілдері еді. Бұл құрылтай Темучинге ханды лайық көрмей, «Шыңғыс» деп ат қойды. «Шыңғыс» моғолша «тәңірі» деген сөз. Темучин Шыңғыс атанғаннан кейін шынымен «Шыңғыс» жер тәңірі болуға талап етіп, маңайдағы елдердің бәрімен де соғысып, бәрін де өз қол астына жиды. Шыңғыстың соғыстарында өзімен қатар балалары, немерелері Шағатай, Үгедей, Жошы, Толы, Хөлеку, Бату бірге жүрген. Соңғы уақыттарда бұлардың әрқайсысы бөлек әскерге бастық болып, әкесінің қосқан елдерін шапқан. Шығысқа қараған жер күннен күнге зорайып, өзі өлген соң балаларының, немерелерінің заманында да өсе берген. Шыңғыстың немересі Құбылай хан, оған бүкіл Азия нәм Европаның жартысы бағынған. Құбылай өлген соң 1295-нші жылы патшалығы 4-ке бөлініп, зор-зор төрт патшалық болды. Бұлар:

- 1) Моғол мен Қытай – бұған Құбылай балалары хан болды;
- 2) Түркістан – бұл Шағатай балаларына қалды;
- 3) Иран мен Үндістан – мұны Хөлеку балалары биледі;
- 4) Қыпшақ (түрік халықтары мен орыстар) – Жошы балаларының еншісіне тиді.

Қазақ Жошы балаларына қараған елден бөлініп шыққан Дешті-Қыпшақ хандығы (мұны Алтын Орда хандығы деп те атаған) көп уақыт өзіне бүтін Русияны, Орта Азияның көп жерін (күншығыс шегі Сырдарияға шейін созылған) қаратып, дәуірлеп тұрды. XIV ғасырдың аяғынан бастап хан нәсілі мұрагерлері өзара хандыққа таласып, Дешті-Қыпшақ бірте-бірте бөлек хандықтарға, ұлыстарға бөлініп нашарлай береді. Алтын Орданың нашарлауына қарсы Шағатай балаларына қараған Түркістан елінен аты шулы Ақсақ Темір хан шықты. Ақсақ Темірге сүйеніп Алтын Ордаға Тоқтамыс хан болып, мұның арқасында Дешті-Қыпшақ бұрынғы қалпына түсіп, біраз уақыт бұрынғысындай күшейіп тұрды. Бірақ Тоқтамыс хан Ақсақ Темірмен келісе алмай, жанжалдасып, ақырында Ақсақ Темір көп әскермен Дешті-Қыпшақтың астын үстіне шығарып, талқан қылып кетті (1395). Ақсақ Темір де Шыңғыс хан секілді тек түріктер арасында ғана болатын есіл дерті соғыс, жер жүзін өзіне қаратып, жер тәңірісі болуға талап еткен хан еді. Бұл әуелде Шағатай хандығында шамалы ғана бір әмір болып, бірте-бірте маңайындағы елдерді соғысып, өзіне бағындырып, Шағатай балаларының хандығын өз қолына алып, ақырында, не бар Дешті-Қыпшақ, ол заманда өте күшейіп тұрған Осман түркі нәм басқа көп елдерді ойран қылып өзіне қаратты. Ақсақ Темір өзі мұсылман болған себепті жанына мұсылман ғалымдарын жиып, мұсылмандардың өнер-білімін арттыруға да көп қам қылған, Ақсақ Темір салдырған хан сарайы, мешіттері бар.

(Жалаасы бар)

Балуан Бағдаулет



А. Байтұрсынов атындағы оқу ордасының жастары «спорт - денсаулық кепілі» деп есептейді. Сондықтан университеттің студенттері оқумен бірге спортты қатар алып жүреді. Бұл сөзіміздің жарқын дәлелі ретінде жоғары оқу орнына қарасты «Сұңқар» спорт клубының мүшелерін айтуға болады.

Аталған спорт клубының жастары республикалық спорт жарыстарына қатысып, облысымыздың намысын қорғап жүр. Астықты аймақтың атынан талай сайыстарда топ жарған спортшыларымыз қаншама.

«Сұңқар» спорт клубының мақтанышына айналған жастардың бірі – Бағдаулет Махсетов. Ол гуманитарлық-әлеуметтік факультетінің журналистика мамандығының 3 курсына оқиды.

Бағдаулет - Сыр өңірінің тумасы. Журналистика мамандығында оқып жүрсе де бос уақытында спорт залға қарай асығады. Қазақ күресінің қыр-сырын меңгеру үшін жаттықтырушылардың ақыл-кеңесін тыңдауға әзір. Ол үш жылдан бері қазақ күресімен айналысуда. Әзірге, республикалық деңгейдегі жарыстарда жүлде алған жоқ. Десек те, балуанымыз бабында. Оның алар асуы әлі алда деп сенеміз. Біздің сөзімізді Бағдаулеттің бапкері Бейсен мыр-

за да қолдап отыр. Өйткені, спорт сайыстарында балуанның бабы келіскенімен, бармақтай бағы да болуы керек.

Бағдаулеттің тағы бір өнері бар. Ол рәп жазғанды ұнатады. Музыкаға деген қабілеті, спортқа деген қызығушылығы, оқуға деген ынтасы жоғары. Осы аталған қасиеттердің бәрі кейіпкеріміздің бойынан табылады.

Алдағы уақытта балуанымыз 2 турнирге қатыспақ. Біріншісі, қазақ күресінен Ахмет Байтұрсынов атындағы ашық біріншілік. Екіншісі, Қазақстан Республикасының біріншілігіне іріктеу кезеңі. Қос бәсекеде спортшымызға сабыр және сәттілік тілейміз. Бабы мен бағы қатар шауып, жеңістің биік тұғырынан көрінсін!

Белтірік НҰРТАЙ,
ГФФ журналистика мамандығының студенті

